

Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми – практикалық
орталығы

Өмірбекова Қ.Қ.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған
(IV деңгей) балалармен логопедиялық
жұмыс ұйымдастыру
(оқу – әдістемелік құралы)

Алматы 2014

УДК 376 (072)

ББК 74.3

Ө 44

Рецензенттер: Ерсарина А.К. –

психология ғылымдарының кандидаты;

Төлебиева Г.Н. –

педагогика ғылымдарының магистрі.

Өмірбекова Қ.Қ.

Ө 44 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (IV деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру. – Алматы: 2015.– 72 бет

ISBN 978-601-298-324-1

Оқу – әдістемелік құралында СТЖД (IV деңгей) балалардың психологиялық – педагогикалық сипаттамасы толықтырылып, олармен жүргізілетін логопедиялық жұмыс мазмұны қарастырылады. Оқу құралы арнайы түзету мекемелерінің логопед мамандарына, тәрбиешілеріне, “дефектология” бөлімінде оқитын студенттерге арналған.

Оқу құралы түзету педагогикалық ғылыми тәжірибелік орталығының ғылыми кеңесінде бекітілді және ұсынылды.

УДК 376 (072)

ББК 74.3

Қысқартулар

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы СТЖД

Мазмұны

Кіріспе.....	4
Негізгі бөлім.....	5
1. Сөйлеу тілі дамуының IV деңгейіндегі балалардың психологиялық – педагогикалық сипаттамасы.....	5
2. Сөйлеу тілінің IV деңгейіндегі балаларды тексеру.....	12
3. СТЖД (IV деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру.....	26
3.1 Логопедиялық жұмыстың негізгі бағыттары, қағидалары.....	26
3.2 Сөйлеу тілінің фонетикалық – фонематикалық жағын жетілдіру.....	28
3.3 Сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағын дамыту.....	33
3.4 Байланыстырып сөйлеуін дамыту.....	36
3.5 СТЖД балаларды сауат ашуға дайындау.....	44
Қорытынды.....	61
Әдебиеттер тізімі.....	62
Қосымша.....	63
№1 СТЖД (IV деңгей) балалармен жүргізілетін түзету жұмысының бағдарламасы.....	63
№2 Сабақ үлгісі.....	69
№3 Сабақ үлгісі.....	71

Kipicne

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың мектеп бағдарламасын меңгеріп оқып кетуі көп жағдайда олардың мектепке дейінгі арнайы мекемелердегі жүргізілген логопедиялық жұмыстың сапасына байланысты болады. Ондай балалармен нәтижелі жұмыс жүргізу үшін логопед сөйлеу тілі дамымауының себептерін, логопедиялық топтарда жүргізілетін жұмысының заманауи әдістері туралы түсініктері мол болу керек. Қазіргі кезеңде дамуында ауытқуы бар балаларға арналған оқу қазақ тілінде жүргізілетін арнайы мекемелердің саны көбейуіне қарамастан оқу үрдісіне қажет оқу – әдістемелік құралдардың жоқтың қасы. Аталмыш оқу құралы СТЖД балалармен түзету жұмысын ұйымдастыруға арналған алғашқы оқу құралы болғандықтан оның өзектілігін көрсетеді.

Оқу – әдістемелік құралдың I-ші бөлімінде қазақ тілді балалардың сөйлеу тілін, сөзсіз функцияларын зерттеу нәтижесінде алынған мағлұматтарды және арнайы әдебиеттердегі деректерді ескере отырып сөйлеу тілі дамуының IV деңгейіндегі балаларға психологиялық – педагогикалық сипаттама берілді.

II-ші бөлімінде СТЖД (IV деңгейдегі) балалардың сөйлеу тілін және сөзсіз функцияларын тексеру әдістемесі қарастырылды.

III-ші бөлімінде СТЖД (IV деңгейдегі) балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыс мазмұны келесі бағыттар бойынша жүйеленді:

- фонетикалық – фонематикалық жағын жетілдіру
- лексикалық – грамматикалық жағын дамыту
- байланыстырып сөйлеуін дамыту
- сауат ашуға дайындау.

Қосымшада жұмыс СТЖД (IV деңгей) балалармен жүргізілетін түзету жұмыс бағдарламасы және сабақ үлгілері беріледі.

Аталмыш оқу – әдістемелік құрал арнайы оқыту саласындағы мамандардың кәсіби қызметін сапалы жүргізуге пайдасын тигізеді деп сенеміз.

Негізгі бөлім

1. Сөйлеу тілі дамуының IV деңгейіндегі балалардың психологиялық – педагогикалық сипаттамасы

Сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балаларды жан-жақты зерттеу нәтижесі және ұзақ жылғы оларды түзету-оқыту тәжірибесі сөйлеу тілінің дамуының жаңа төртінші деңгейін анықтап, сипаттаудың қажет екенін көрсетті. Кейінгі уақытқа дейін сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық және фонетикалық-фонематикалық компоненттерінің толық жетілмеуі, яғни сөйлеу тілінің жалпы дамымауының қалдық көріністері СТЖД-ның көмескі түрі деп аталып келді. Ондай балаларды Т.Б.Филичева IV деңгейге жатқызады.

Бұл деңгейдегі балалар басқа адамдармен қарым-қатынас жасайды, көбінесе қарапайым сөйлемдерді қолданады, арасында күрделі сөйлемдер де кездеседі. Айналасындағылардың сұрақтарына өзбетімен жауап беру, өздерінің де сұрақ қою қабілеті байқалады. Дыбыс айтуында күрделі бұзылыстар байқалмайды, кейбір қарапайым сөзөзгерту дағдыларын меңгерген. Үлкендердің сұрағымен немесе көмегімен сурет, ілеспелі сурет бойынша кіші көлемді әңгіме құрастыра алады.

Ондай балаларды тек арнайы тапсырмаларды қолданып, терең тексеру нәтижесінде ғана олардың сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің дамымау көріністерін, ерекшеліктерін байқауға, анықтауға болады.

СТЖД IV деңгейіндегі балалардың буындық құрамы күрделі сөздерді және дыбыстарды айтуына тән ерекшеліктерге жататыны:

- Сөйлеу тілінің біртіндеп дамығаны байқалғанымен, таныс емес, жаңа, құрамы күрделі сөздерді айтуда қиындық туындайды;
- Сөздегі буын саны мен кезектілігінің бұзылуымен қатар, сөздегі дыбыстың құрамының бұзылуы орын алады. Мысалы, шахматшы – «шмататшы», космонавт – «консонавт», сылдырмақ – «сымдырылмақ», домбыра – «домра», орындық – «ондырық», т.б.
- Дыбыс артикуляциясы солғын, сөйлеудің мәнерлігі жеткіліксіз, дикциясы анық емес.

Сөздің дыбыстық-буындық құрамының жетілмеуі, дыбыстарды шатастыруы, фонемаларды қабылдап, ажырату қабілетінің төмендігі ондай

балалардың фонема жасау, айту процесінің әлі де болса толық жетілмегенінің белгісі болып саналады.

Арнайы тапсырмаларды қолданып сөз қорын тексеру нәтижесінде төмендегідей ерекшеліктері орын алады:

- Бұндай балалардың сөз қоры қалыпты балаларға қарағанда төмен, жасына сәйкес келмейтіні;
- Сөйлеу тәжірибесінде сирек қолданатын сөздердің мағынасын нақты білмейтіні немесе түсінбейтіні анықталады. Мысалы, жануарлардың атауларын (көкек, пингвин, тотықұс), олардың дене мүшелерін (тұяғы, жалы), өсімдіктердің бөліктерін (түбірі, жапырағы, тамыры), мамандықтардың атауларын (жазушы, аңшы, жүргізуші, т.б.) шатастырады;
- Сөздің нақты мағынасын толық түсінбей, оларды жақын мағыналы сөздермен алмастырады. Мысалы, «биік үй» дегеннің орнына – «үлкен үй», «өзенде қаздар жүзеді» - «өзенде қаздар шомылды», «қар жауды» - «бұршақ жауды».
- Синоним және антоним сөздерді тауып, іріктеуде қиналады: мейірімді – жақсы, көңілді – ашық (күлкілі), мейірімді – қатал, батыл – жасқаншақ (қорқақ). Әсіресе абстракциялық мағынадағы антоним сөздерді табуда қиындық туғызады (қайғы, данышпан, достық, т.б.). Көп жағдайда жақын мағыналы сөздің орнына «емес» деген сөзді қосады (көңілді емес, қорқақ емес, т.б.).

Көптеген зерттеушілер баланың сөзжасам дағдыларының толық қалыптаспауы, онда кездесетін қателер жалпы сөйлеу тілі дамымауының диагностикасының белгілері болып табылады деп есептейді. Әрине, сөз қорының жеткіліксіздігі сөз жасам дағдыларының дамуына өзіндік әсерін тигізеді. Сөйлеу тәжірибесінде кейбір жиі қолданатын сөздерді өзгертіп қолданғанымен, сирек қолданатын, күрделі сөздерді өзгертіп қолдана алмайды. Сонымен қатар, кейбір қос сөзден тұратын атаулардың мағынасын түсінуінде, айтуында қиындықтар кездеседі (жазушы – «жазатын адам», оқырман – «оқу», жүк таситын машина – «үлкен машина», бақташы – «бақта отырады», т.б.). Сөзжасам процессіндегі кездесетін мұндай қиыншылықтар баланың болашақта орфографиялық ережелердің меңгеру, морфемдік талдау және жинақтау дағдыларын қалыптастыруға кері әсерін тигізеді, мектепке барғанда қазақ тілін меңгеру сапасын төмендетеді.

СТЖД IV деңгейдегі балалардың көпшілігі мақал-мәтелдердің, астарлап сөйлеген сөздердің мағынасын толық түсінбейді. Мысалы, «көзі қарақаттай» дегенді «қарақат жеген», «өз орныңды біл» дегенді «өз орныма отырамын», «денсаулық – зор байлық» - «бай кісі» деп түсінеді.

Байланыстырып сөйлеуінің біршама дамуы байқалғанымен өзіндік ерекшеліктері сақталады. Атап айтсақ:

- Әңгіменің логикалық кезектілігінің сақталмауы;
- Әңгіменің мазмұнына қатысты негізгі оқиғаларды тастап кетіп, қосымша деректерге «тоқтап» қалуы;
- Оқиғаның кейбір эпизодтарын қайталай беруі;
- Оқиғаның себеп-салдарын толық түсіне алмауы;
- Өз өміріндегі оқиғалар, еркін тақырып бойынша әңгіме құрастырғанда тек болған жағдайды тізбектеп айтумен шектеледі, мағлұматтары аз, қарапайым сөйлемдер қолданады;
- Әңгіменің басын, аяғын өзгертіп айту немесе үшінші жақтың атынан айту қиындық туғызады.

Осы деңгейдің барлық балаларын Т.Б.Филичева (1999) екі топқа бөледі.

Бірінші топ (шамамен балалардың 70-80%) – фразалық сөйлеу тілін пайдалануды меңгергендер. Олар қойылған сұрақтарға дұрыс жауап береді, сурет бойынша қысқаша әңгіме құрай алады, жеңіл мәтінді айтып береді. Сөйлеу тілі нәтижесін терең талдау барысында – оның жоғары дәрежеде емес екені байқалды.

Сөйлеу тілінің дыбыс айту жағы қалыптасқан, бірақ жеке дыбысты айтудың бұзылыстары орын алады, аз таныс, көп буындық және дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді қайталап айтуда қиындықтар кездеседі (*bisoped – велосипед, милицарер – милиционер, құлышы - құрылысшы*), жалпы бұрмалау, дыбыс айтудың анықсыздығы.

Ересектер тобында оқу барысында балалар бір буындық сөздерге (тас) талдау жасап, тік буынды талдап жинақтауға, сөздегі дыбыстық орнын табуға үйренеді. Сонымен қатар балалар әлі сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалардың даму деңгейіне жетпейді.

Толық фразалы сөйлеу фондында сөйлеу тілі жүйесінің әр компонентінің дамуында жеке ауытқулар байқалады. Сурет бойынша әңгіме құрап, сөйлем құрастыру, өз бетімен әңгімелеу едәуір қиындықтар тудырады. Балалардың сөйлеу кезіндегі сөйлемдері бастауыштан, баяндауыштан және толықтауыштан тұратын, жай және жайылма сөйлемдері болып келеді. Сөз таптарының ішінен сын есім, сан есім, үстеулер, есімшелер, көсемшелер сирек кездеседі.

Бағыныңқы құрмалас сөйлемдердің құрамы жеңілдетілген (*Әсет асық ойнайды, Асан машина ойнайды*). Бастауыш немесе зат есім сөзін мүлде айтпай кетеді де, аздап қарсылықты және талғаулы жалғаулықтар азынаулақ кездеседі, бағыныңқы құрмалас сөйлем жалғаулықтары жете меңгерілмеген.

Сөйлеу құралдарын қолдануларының шектеулігі сөйлеу тілінде, әсіресе сөз өзгерту және сөзжасамға берілген тапсырмаларды орындағанда анық

көрінеді. Бұл балалар синонимдерді іріктегенде қиналады да, антонимдерді болымсыз етістікпен, «емес» - сөзінің көмегімен құрайды (таза – таза емес (кір, лас), жылы – жылы емес (суық), кәрі – кәрі емес (жас)), кейбір антонимдерді бір сөзбен алмастырып пайдаланады, (үлкен деген сөз биік, жоғары, ұзын, жалпақ сөздерінің орнына жүреді) бұл да сөйлеу тілінің көмескі түріндегі балаларға тән қасиет (Г.Б.Ибатова, 2010).

Төртінші деңгейдегі балалар сөздерге көптік жалғауын дұрыс жалғай алмайды, (*ағашдар-ағаштар, көйлектар-көйлектер, киімдар-киімдер, шалбардар-шалбарлар*). Сөйлеу тілінде кеңістікке қатысты сөздер аз қолданады: *жан-жағында, артында, арасында, алдында, ішінде, жанында*; дұрыс қолданатыны бұрын үйретіліп бекітілген үстінде, астында деген сөздер.

Екінші топты (20-30%) тіл құралдары аса шектеулі балалар құрайды. Оларда бірінші топқа қарағанда, көбінесе сөйлеу тілінің дыбыс айту жағы бұзылған, сөз қоры сапалық және сандық жағынан төмен. Мысалы, олар сөз жасауды жақсы меңгермеген, түбірлес сөздерді, синоним, антонимдерді іріктеуге берілген тапсырмаларды қиындықтармен орындайды.

Балалардың өз бетімен сөйлеу әрекеті ересек адамның көмегін қажет етеді, сөйлем құрамы бұзылған (басыңқы және болмашы мүшелерін тастап кету) байқалады, жалғаулықты сөздер сөйлемдерге кірмейді. Мысалы, «Мен бармадым немесе Мен барған жоқпын», «Мен алған жоқпын» деп айтудың орнына балалардан : «Мен бардым жоқпын», «Мен алдым жоқпын» - деген жауаптар естуге болады.

Бұл топ балалары жалпылама сөздерін аз пайдаланады (киім, аяқ киім, көлік, азық-түлік, мамандық және т.б.).

Сөйлеу тілінің мағыналық жағын жетік меңгермеген. Өсімдіктердің, әртүрлі мамандық иелерін, дене мүшелерін білдіретін сөздердің қатарын келтіруге болады (бақташы, бағбан, бірқазан, кактус, самай, иек, шынтак, мойын, тізе). Балалардың сөйлеуінде, тұрақты болып зат есімнің кішірейтіліп алынған жұрнақтары қолданылмайды немесе балалар қате айтады (үйшік-кішкентай үй), тәуелдік жалғаулары сын есіммен байланыстырылмайды (қасқырның ұзын құйрық (қасқырдың ұзын құйрығы)).

СТЖД IV деңгейіндегі балалар идиоматикалық айтылудың ауыспалы мәнін түсінуде қиналады: «алтын күз», «алтын алақан», «ыстық жүрек», т.с.с.

Аталған қателер бірнеше рет тиянақты, сапалы түрде тексеру және лексикалық материалды кеңінен қолданғанда ғана айқндалады. Төртінші деңгейде лексикалық-грамматикалық дамудың ерекшелігі қалыпты дамумен салыстырғанда анық көрінеді.

Балалардың сөйлеу тілінің даму барысындағы оң өзгерістерге қарамастан, балалардың байланыстырып сөйлеу тілін меңгерудегі айтарлықтай өзгерісті

байқай отырып, логопедиялық тәсілдерді пайдалану дифференциалды түрде болып, жұмыс барысын осыған орай құру қажет болады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымауы баланың интеллектуалды, сенсорлы, ерік аяларының қалыптасуына өз әсерін тигізеді. Сөйлеу тілі бұзылыстарымен психикалық дамудың басқа жақтарының арасындағы байланыс екіншілік ақаулардың пайда болуына себепші болады.

Сондай-ақ ойлау операцияларының (салыстыру, топтастыру, талдау, жинақтау) меңгеруге қажетті алғы шарттарын меңгергенімен балаларда сөздік-логикалық ойлауы дамымаған болады да, ойлау операцияларын қиналып меңгереді. Т.Д.Барменкованың экспериментальды зерттеулері бойынша (1997), СТЖД мектеп жасына дейінгі балалар логикалық операциялардың қалыптасу деңгейі бойынша қалыпты дамып келе жатқан өз құрдастарынан айтарлықтай артта қалады.

Логикалық операциялардың қалыптасу деңгейі бойынша автор балаларды 4 топқа бөледі.

Бірінші топ балаларының вербальді және вербальсіз логикалық операцияларының қалыптасу деңгейі жоғары, сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалардың көрсеткіштеріне сәйкес келеді, танымдық белсенділігі, тапсырмаға қызығушылығы жоғары, бағытты әрекеті тұрақты және жоспарлы.

Екінші топ балаларының логикалық операцияларының қалыптасу деңгейі жас ерекшелігіне сай емес, төмен. Сөйлеу белсенділігі төмен, балалар сөздік нұсқауды қабылдағанда қиналады, қысқа уақытта есте сақтаудың көлемі шектелген, сөздер қатарын есте сақтай алмайды.

Үшінші топ балаларының бағытты әрекеті бұзылған, ол вербальді және вербальсіз тапсырмаларды орындағанда байқалады. Оларға зейінді шоғырландыруының жеткіліксіздігі, танымдық белсенділік деңгейінің төмендігі, қоршаған орта туралы түсініктерінің аздығы, себеп-салдар байланыстарын түсінудегі қиындықтар тән. Алайда, логопед тарапынан тиісті көмек көрсетілген болса, балалардың абстрактілі түсініктерді меңгеруге қажетті әлеуеттік мүмкіндіктері жақсарады.

Төртінші топ балаларына логикалық операциялардың жетілмеуі тән. Балалардың логикалық әрекеті өте тұрақсыз, жоспарлауы жоқ, танымдық әрекеті төмен, тапсырмаларды дұрыс орындауын қадағалай алмайды. Бірқатар авторлар СТЖД балалардың зейін көлемінің және оның тұрақтылығының жеткіліксіздігін, оның таратуының мүмкіндігі шектеулігін атайды. СТЖД балалардың мағыналық, логикалық есте сақтауы сақталғанымен, вербальді есте сақтауы төмен, есте сақтаудың өнімділігі төмен. Олар күрделі нұсқауларды, тапсырмалардың элементтерімен кезектілігін ұмытып қалады.

Сөйлеу тілі дамуының төртінші деңгейіндегі балалардың есте сақтау белсенділігінің төмендігі танымдық әрекеттің даму мүмкіндіктерінің

шектеулігімен бірге жүреді. СТЖД балалар күрделі жағдайларда затты көріп тану кезінде заттың бейнесін белгілі бір қиындықпен қабылдайды, оны тану үшін балалар көп уақытты қажет етеді, жауап беру кезінде сенімсіздік байқалды және затты танып білу кезінде қателер жібереді. «Үлгімен сәйкестендіру» тапсырмасын орындаған кезде олар бағдарлаудың қарапайым формаларын қолданады. Мысалы, СТЖД балалар модельді перцепциялық әрекет бойынша тапсырма орындағанда көріп салыстыру тәсілін аз қолданды. Балалардың көріп қабылдауын зерттеу нәтижесінде СТЖД балаларда оның жеткіліксіз қалыптасқаны байқалады. Мнестикалық зерттеу нәтижесінде СТЖД балалардың сөздік нұсқауды есте сақтауы сөйлеу тілі қалыпты балалармен салыстырғанда нашар екені анықталды.

Зейінін зерттеу нәтижесі СТЖД балалар тез шаршағыш, экспериментатор тарапынан мадақтау, көмекті қажет ететінін көрсетті. Сонымен, СТЖД балаларда сөйлеу тілі қалыпты дамыған құрдастарымен салыстырғанда, көріп қабылдауы кеңістікте бағдарлауы, зейіні, есте сақтауы төмен екені байқалды. СТЖД балалар енжар, қатынас жасағанда сөзді бірінші бастамайды.

Ю.Ф.Гаркуша және В.В.Коржевина (2001) зерттеулерінде көрсеткендей:

- СТЖД мектепке дейінгі жастағы балаларда қарым-қатынас жасаудың, мотивациялық-тұтынушылық аяның жетілмегендігі байқалады;

- аталған қиындықтар сөйлеу тілі және когнитивті бұзылыстар кешенімен байланысты;

- 4-5 жастағы балалардың ересектермен қатынас жасауының негізгі түрі ситуативтік-іскерлік болып табылады, яғни жас ерекшелігіне сай емес.

СТЖД балаларға жалпы соматикалық әлсіздігімен қатар қимыл аясының дамуындағы кейбір кешеуілдеулер тән; қимылдарының тепе-теңдігі әлсіз, қимылды орындау жылдамдығы мен дәлдігі төмен. Сөзбен нұсқау бергендегі қимылдарды орындауда балалар өте қиналады.

Г.Р.Шашкина, Л.П.Зернова, И.А.Зиминаның (2003) зерттеулері бойынша, СТЖД балаларда моторикасының барлық түрлерінде – жалпы, мимикалық, ұсақ және артикуляциялық қимылдардың тепе-теңдігінің жеткіліксіздігі байқалады. ЖСТД III-деңгейіндегі балаларды моторлы аясын тексеру нәтижесі бойынша үш топқа бөлуге болады:

- моторлы аясының даму деңгейі төмен – 23,5%;

- орта деңгейдегі – 28,55 %;

- жоғары - 48%.

Моторлы аясының даму деңгейі төмен балаларда қимылдың бір түрінің екіншісіне ауысуда қиындықтар кездеседі, қимылдардың статикалық және динамикалық тепе-теңдігі жеткіліксіз, қимылды есте сақтауы жеткіліксіз және ерік зейінінің деңгейінің төмендігі байқалады.

Моториканың даму деңгейі орташа балаларда кейбір сынақтарды орындаған кезде қосымша қимылдар жасауы байқалады, тапсырма орындау үшін олар ұзақ уақытты қажет етеді. Сөздік нұсқау бойынша тапсырмаға қарағанда, тапсырманы көрсету бойынша орындауы жоғары. Моторикасының дамуы жоғары деңгейдегі балалар жас мөлшеріне жақындатылған: ұсақ және артикуляциялық моторикасы жақсы дамыған. Мұны, мектепалды даярлық топ балаларымен түзету жұмысы ұзақ уақыт жүргізілгендікпен түсіндіруге болады.

З.А.Мовкебаеваның зерттеулерінде мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың мектепке дайындығын тексеру нәтижесінде көру-моторлы координациясының, естіп және көріп, есте сақтауының, қолдың ұсақ моторикасының және сукцессивті функцияларының дамуының жеткіліксіздігі мен олардың сауат ашу дағдыларын меңгеруге тигізетін әсерін анықтап, мектепте оқуға дайындығын қалыптастыру үрдісін теориялық-методологиялық тұрғыдан негіздейді. Сондықтан осының барлығын логопед түзету жұмысын ұйымдастырғанда ескеруі қажет.

Көптеген авторлар (Р.Е.Левина, Б.М.Гриншпун, Т.Б.Филичева) сөйлеу тілі дамымаған балалардың коммуникативті дағдыларының қалыптасуындағы қиындықтар орын алатынын дәлелденген. Қарым-қатынас жеткіліксіздігі өз алдына танымдық және сөйлеу-ойлау әрекетіндегі қиындықтарға алып келеді. СТЖД балаларға қарым-қатынас жасау қажеттілігінің төмендігі, диалогтық және монологтық сөйлеу тілдерінің қалыптаспауы, қатынас жасауға қызығушылығының жоқтығы, қатынас жағдайында бағдарлау білігінің аздығы тән.

Баланың өз бойындағы кемшілікке теріс көзқарасы, оның қарым-қатынасқа тез түсуіне кедергі болады.

Баланың жетілмеген сөйлеу тілін дамытуға бағытталған логопедиялық жұмысты ұтымды ету мақсатымен, түзете-оқыту жұмысы мазмұнында мектеп жасына дейінгілердің коммуникативтік білігін өсірудің алдын ала қарастырған жөн.

СТЖД балаларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау барысында алынған мағлұматтар логопедтің осы балалармен оқу процесін ең тиімді жүйе бойынша жоспарлауға және әр балаға арналған түзетудің жеке әдістері мен тәсілдерін іріктеуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі СТЖД балалардың есте сақтауында да өзіндік ерекшеліктер байқалады. Левченко И.Ю., Дубровина Т.И. жұмыстарында төмендегідей ерекшеліктерді атап көрсетеді:

- Қалыпты балаларға қарағанда СТЖД балалардың естіп – сөйлеу, есте сақтауының барлық параметрлері төмен;
- Вербальды есте сақтаудың жеткіліксіздігі тілдік және сөйлеу мүмкіншіліктерінің жетілмеуімен байланысты;

- Есте сақтау ерекшеліктері нейродинамикалық процесстердің жеткіліксіз дамуының салдарынан болады және персеверация, парафазия сияқты қате түрлерімен сипатталды.

Бірінші реттіліктегі сөйлеу тілінің ақаушылықтары баланың потенциалды сақталған ойлау процесстері мен қабілетінің қалыптасуын тежейді, вербальды ойлауына кедергі жасайды. Сөйлеу тілінің кешеуілдеп қалыптасуы, вербальды ойлауын кешеуілдетеді (Н.И. Жинкин). Вербальды ойлауының бұзылуы, ойлаудың бұзылуынан емес, сөйлеу тілінің жүйелі бұзылуынан болады (И.Т. Власенко).

2. Сөйлеу тілінің IV деңгейіндегі балаларды тексеру

Сөйлеу тілі дамымаған балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің ерекшеліктерін анықтауға және оларды қалыптастыруға бағытталған арнайы зерттеулерде бір-бірімен тығыз байланысты сөйлеу және сөзсіз функцияларының толық жетілмегендігі байқалатынын анықталған. Түзету-педагогикалық жұмыс жүргізу барысында олардың тек жеке бір функциясын басқа функциялармен байланыссыз дамытудың тиімсіз екені көрсетілген. Сондықтан да сөйлеу тілі дамымаған балалармен түзету жұмысын тиімді жүргізу үшін оларды жанжақты тексерудің маңызы зор.

СТЖД(IV-деңгей) балаларды тексерудің негізгі міндеттері:

- баланың сөйлеу тілін әрі қарай дамытып жетілдіруге негіз болатын тілдің сақталған компоненттерінің жағдайын анықтау;
- баланың сөйлеу тілінің дамымауының сақталған белгілерін көрсететін деңгейі мен сипатын анықтау;
- сөйлеудің толық дамуына қажетті психикалық және сөзсіз функцияларының даму ерекшеліктерін анықтау жатады;

Логопедиялық тексерудің түрлері, кезеңдері, әдістері, қағидалары, бағыттары бірдей, олар алдыңғы жұмыстарда толықтай қарастырылған(СТЖД II-деңгейдегі балалармен түзету жұмысын ұйыдастыру 2014). Әр бағыт бойынша тапсырмалар жүйеленіп жинақталған.

СТЖД (IV деңгей) балаларды тексеруде ескерелетіні:

- сөздік материалдар мен тапсырмалардың басқа деңгейдегі балаларға ұсынылатын материалдарға қарағанда күрделірек болуы;

-сауат ашудың алғышарты ретінде қарастырылатын сөзсіз функцияларының даму жағдайының толығырақ тексерілуі;

Сөйлеу тілі дамуының IV деңгейіндегі балаларды тексерідің негізгі бағыттары:

дыбыс айтуы

фонематикалық қабылдауы

сөздің дыбыстық – буындық құрамын айтуы

сөйлеу жылдамдығы әуезділігі

артикуляциялық аппараттың жағдайы

артикуляциялық моторикасы

саусақтардың ұсақ моторикасы

жалпы моторика

сөз қоры

сөйлеу тілінің грамматикалық жағы

қарым – қатынас деңгейі

байланыстырып сөйлеуі

көру гнозисі

оптикалық кеңістік праксисы

есте сақтауы (мнестикалық іс - әрекет)

зейіні

ойлауы

танымдық іс – әрекеті

баланың жалпы даму деңгейі

Зерттеу нәтижесінде әрбір бағыт бойынша алынған мағлұматтар талданып бағаланады. Бағалау барысында әртүрлі тәсілдерді қолдануға болады (көрсеткіш түрлерін немесе балл бойынша).

IV деңгейдегі балаларды тексеру барысында бұрынғы жүйеленген әдістемелерге қосымша күрделеніп берілген тапсырмалар қолданады.

Сөйлеу тілінің *фонетикалық* жағын тексеру үшін дәстүрлі әдістемелер пайдаланылады. Тексеру барысында дыбысты сөзде, сөйлемде, ауызша байланыстырып сөйлеуде қалай айтылатын анықтау маңызды. Сонымен қатар сақталған дыбыстарды, бұзып айтылатын дыбыстарды ажыратуына, анық айтылуына, сөйлеу жылдамдығына, сөйлеу кезіндегі тыныс алуына ерекше көңіл бөлу қажет.

Дыбыс айтуын бағалауда төмендегідей тәсілді қолдануға болады.

Дыбыс айтуы	Балл	Дыбыс айтуының даму
-------------	------	---------------------

		деңгейі
Ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айтады. Естігенде, айтқанда дыбыстарды дұрыс ажырата алады. Сөйлеу жылдамдығы және сөйлеу кезіндегі тыныс алуы жақсы.	3	жоғары
Дыбыстарды айтуы, ажыратуы тұрақсыз, кейбір дыбыстарды анық айтпайды.	2	орташа
Дыбыс айтуы мен ажыратуында кемшіліктер, ақаулықтар бар. Сөйлеу жылдамдығы мен тыныс алуын қадағалай алмайды	1	төмен

Фонематикалық қабылдауын тексеру.

1. Ұқсас дыбыстардан тұратын буындарды қайталау:

ба – па – ба	па – ба – па
қа – ға – қа	ға – қа – ға
за – са – за	са – за – са
ша – жа – ша	жа – ша – жа
та – тә – та	тә – та – тә
са – ша – са	ша – са – ша
са – ца – са	ца – са – ца
щә – чә – щә	чә – щә – чә
ла – лә – ла	лә – ла – лә

2. Ұқсас дыбыстарды ажырату (сурет бойынша айтқызу)

доп – топ
құлақ – тарак
сағыз – сегіз
парта – балта
доға – таға
шал – шар
тырна – тырма
қыс – қыз
шеге – шеке
қасық – қазық
тор – төл

Фонематикалық талдау және жинақтауын тексеру

1. Сөздің бастапқы дыбысын анықтау:

асық	арба
орындақ	оқтау
әтеш	өшіргіш
ине	үйшік

2. Сөздегі соңғы дыбысты анықтау:

от	ағаш
қалам	бөрік
доп	плащ
құлын	тарақ

3. Сөздің басындағы дауыссыз дыбысты анықтау:

май	сағат
бал	тырна
доп	щетка
қол	цирк

4. Сөздегі дыбыстардың кезектілігін анықтау:

қол	шана
тал	бота
нан	дала
лақ	мата

5. Сөздегі дыбыстардың санын анықтау:

бас	мысық
тор	кесе
көл	банан
хат	алма

Сөз түсінігін тексеруі:

-тақырыптар бойынша сөздерді, жалпылама сөздерді түсінуін;

-зат есімнің кішірейтіп-еркелетіп айтатын және септік жалғауларды түсіну қабылетін;(Суреттен көрсету)

қала-қалашық	бота-ботақан
көл-көлшік	бала-балақай

-септік жалғаулардың мағынасын түсінуін;(Суреттен көрсету)

Бала мектепке бара жатыр
Бала мектептен келе жатыр
Құс тордан ұшты

Құс торда
Құс тордың үстінде

-сөйлемді түсінуін;

Торғай биік ағаштың бұтағына қонды
Торғай аласа ағаштың бұтағына қонды
Күшік мысықты қуып келеді
Алдында кім келеді?

Белсенді сөз қорын тексеру

- “Құстар”, “үй жануарлары”, “андар”, т.б. тақырыптары бойынша заттардың аттарын атау, жалпылама сөздерді қолдану;
- Дененің, заттың бөлшектерін сурет бойынша атау;
 - Шынтақ
 - Алақан
 - Желке
 - Маңдай
 - Мотор
 - Кабина т.б.;
- Етістік сөздерді қолдануы(сұраққа жауап беру);
 - Не қалай дауыстайды?
 - Қарға(қарқылдайды)
 - Жылқы(кісінейді)
 - Қой(маңырайды)
 - Жылан(ысылдайды)
 - Тігінші не істейді?
 - Дәрігер не істейді?
 - Сауыншы не істейді?
- Етістіктің шақтарын меңгеруі (сурет бойынша сөйлем құрау);
 - Бала сурет салып отыр
 - Бала сурат салды
 - Бала қолын жуып жатыр
 - Бала қолын жуды
- Сын есімдерді қолдануы;
 - Тустерді атауы:
 - Қызыл
 - Сары
 - Жасыл

Көк
Көкшіл
Күлгін
Қызғылт
Ақ
Қара
Сұр
Қоңыр

- Жануарлардың төлдерін атау
 - Сиырдың төлі -
 - Жылқының төлі-
 - Қойдың төлі-
 - Ешкінің төлі-
 - Түйенің төлі-
- Түрлерді атау(сұрақ, сурет бойынша)
 - Терезе(төртбұрышты)
 - Лимон(сопақ)
 - Телевизор(тікбұрышты)
 - Ай(дөңгелек)
- Антоним сөздерді атау
 - Ыстық-
 - Жеңіл-
 - Ұзын-
 - Алу-
 - Кіру-
 - Салақ-
- Зат есімнің көптік жалғауын қолдануы
 - Ағаш-
 - Шелек-
 - Бала-
 - Гүл-
- Септік жалғауларды қолдануы(сурет бойынша)
 - Бала кімге гүл берді?
 - Қыз суретті немен салып отыр?
 - Балада не бар?
 - Суретте нені көріп тұрсың?
 - Бала кіммен келе жатыр?

Шашты немен тарайсың?

Ит қайда жатыр?

- Кішірейтіп-еркелетіп айтылатын жалғауларды қолдануы.
 - Бала – балақай
 - Көл – көлшік
 - Жолақ – жолақша
 - Кітап – кітапша
 - Қап – қапшық
- Етістіктерден зат есім тудыратын жұрнақтарды қолдануы (қыш – кіш, ғыш - гіш)
 - Жап – жапқыш
 - Өшір – өшіргіш
 - Сыпыр – сыпырғыш
 - Ескерт – ескерткіш
- Зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақтарды қолдануы (дай – дей, тай – тей, сыз - сіз)
 - Тау – таудай
 - Құс – құстай
 - Бала – баладай
 - су – сусыз
 - кітап – кітпсыз
 - тәртіп – тәртіпсіз
- Етістіктерден сын есім тудыратын жұрнақтарды қолдануы (шақ, шек)
 - Мақтан – мақтаншақ
 - Ерін – еріншек

Сөйлем құрауы.

Әдістемелік нұсқау. Сөйлем құрау дағдысын анықтау үшін арнайы әдебиеттерде қарастырылған тапсырмалар қолданады. Тексеру барысында бала қандай сөйлем түрлерін белсенді сөйлеуде қолданатынына, қандай қателер жіберетініне көңіл аудару керек.

Тапсырмалар:

- Берілген сөздерден сөйлем құрау (бала, мектеп, барды)
- Ретсіз берілген сөздерден сөйлем құрау
- Сурет бойынша сөйлем құрау
- Сөйлемді аяқтау (Ағам бүгін сабаққа бармады, өйткені ол,... ауырып қалды)
- Сөйлемдегі қатені табу.

Қарым – қатынас деңгейін бағалау.

Әдістемелік нұсқау. Баланың коммуникативтік дағдысын анықтау үшін оның еркін қатынас әрекетін бақылау керек. Бағалау барысында оның қатынас түріне, ынтасына, диалогқа қатысу біліктілігіне, диалогты жалғастыруына, тыңдауына, түсінуіне, өз ойын жеткізе алуына көңіл бөлу қажет.

Баланың коммуникативтік дағдысын келесі көрсеткіштер бойынша бағалауға болады.

Бала қарым – қатынасты белсенді, тыңдай білді және айтқанды түсінеді, жағдайға байланысты балалармен, үлкендермен қарым – қатынас жасай алады, өз ойын нақты, дұрыс жеткізе алады, сөйлеу этикетін сақтайды.	3	Жоғары
Үлкендердің ынтасымен бала сөзді тыңдайды, түсінеді, қатынасқа түседі, сөйлеу этикетін сақтауы тұрақсыз	2	Орташа
Балалармен, мұғаліммен қатынасы төмен, белсенділік танытпайды, аз сөйлейді, зейіні тұрақсыз, сөйлеу этикетін сақтамайды, өз ойын толық, кезектілікпен жеткізе алмайды.	1	Төмен

Баланың байланыстырып сөйлеуін тексеру.

Әдістемелік нұсқау. Байланыстырып сөйлеу деңгейін анықтау үшін мынандай әдістерді қолдануға болады:

- Шағын көлемді мәтін, ертегілердің мазмұнын айту
- Ілеспелі, сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыру
- Еркін тақырыпқа әңгімелеу (демалысты, мейрамды қалай өткіздің, т.б.)

Баланың байланыстырып сөйлеуін келесі көрсеткіштер бойынша бағалауға болады.

Байланыстырып сөйлеуін бағалау (мәтін бойынша)

1	Мәтінді түсіну	Негізгі ойын дұрыс жеткізе алуы
---	----------------	---------------------------------

2	Мәтінді құруы	Мәтіннің мағынасын нақты және кезектілігін сақтап айту
3	Лексика	Мәтендегі лексиканы толық пайдалануы, автордың сөздерін өз сөзімен алмастыруы
4	Грамматика	Сөйлемді дұрыс құруы, күрделі сөйлемдерді қолдануы
5	Сөйлеу ырғақтылығы	Мазмұнын айту кезіндегі мұғалімнің көмегі, есіне түсіріп айтуы, мәтінді қайта оқуға мұқтаждығы

Сурет бойынша әңгіме құрастыруда келесі көрсеткіштерге көңіл бөлу қажет:

- Әңгіменің толықтылығына (барлық кейіпкерлерді, олардың іс – әрекеттерінің аталуы)
- Әңгіменің нақтылығы (суреттің мазмұнына сәйкес келмейтін оқиғаларды өлтүрғысынан қосып айтуы)
- Суреттегі оқиғалардың себеп – салдарын дұрыс түсініп жеткізуі
- Әңгіменің логикалық кезектілігінің сақталуы
- Лексикалық – грамматикалық сөйлем тілінің жақтарын дұрыс пайдалануы (сөз қоры, сөйлем құрауы)

СТЖД (IV-деңгей) балаларды түзету дамыту үрдісінде сауат ашуға дайындау жұмысы ерекше орын алады. Сауат ашуға дайындау оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру деп саналады. Ал сауат ашуға сапалы дайындау ауызша сөйлеу тілі, фонематикалық естуі мен қабылдауы толық дамыған жағдайда ғана мүмкін болады.

Қазіргі кезеңдегі арнайы зерттеулерде СТЖД балалардың (жазу, оқу дағдыларының) бір-бірімен тығыз байланысты сөйлеу және сөзсіз функциялардың (18, 19, 20)толық дамымауының байқалатынын атайды. Жұмыс барысында тек жеке бір функцияны басқа функциямен байланыссыз дамытуды тиімсіз деп есептейді. Сондықтан тексеру барысында баланың сауатын ашудың алғышарттарын тексеруге ерекше көңіл бөлу қажет.

Сөзсіз функционалдардың жағдайын немесе жазудың функциональды негізін(базисін) анықтау барысында қарастыратындар:

- Кеңістікті бағдарлауы;
- Көріп қабылдауы, талдауы;
- Қолдың ұсақ маторикасы;
- Уақытты бағдарлауы;
- Когнетивті функционал(зейіні, есте сақтауы, ойлауы, қабылдауы).

Кеңістікті бағдарлауын анықтауға арналған тапсырмалар

1 тапсырма. “Дұрыс орында”

Мақсаты: Кеңістікті білдіретін сөздерді түсінуін анықтау.

Нұсқау: Мен айтқан нұсқауларды мұқият тыңдап дұрыс орындауың керек.

- Қаламды дәптердің үстіне қой;
- Қаламды дәптердің астына қой;
- Қаламды дәптердің арасына қой;
- Қаламды дәптердің жанына қой;
- Қаламды кітаптың алдына қой;
- Қаламды кітаптан алыс қой;
- Қаламды дәптерге жақын қой;

Тапсырманы орындауда бала қандай сөздерде қате жібергеніне көңіл бөлу керек.

2 тапсырма. “Қайда қойдым”

Мақсаты: Балаланың қимылды білдіретін сөздерді өзбетімен атауын анықтау.

Нұсқау: Мен істеген қимылды айтып отырасың немесе қаламды қайда қойғанымды айтасың.

Логопед қаламды кітаптың астына қояды да, қалам қайда жатыр?- деп сұрайды. Сөйтіп қаламды кітаптың үстіне, арасына, жанына, т.б. қояды.

3 тапсырма. “Оң ба, сол ма?”

Мақсаты: Оң, сол жақты білуін, ажыратуын анықтау.

Нұсқау: Мен айтқан нұсқауды орында.

- Алдымен оң, сосын сол қолыңды көрсет;
- Оң, сосын сол қолыңды көтер;
- Оң, сосын сол аяғыңды көрсет;
- Алдымен оң, сосын сол аяғыңды көтер;
- Оң, сосын сол көзіңді көрсет;
- Оң, сол құлағыңды көрсет.

4 тапсырма. “Не бар?”

Мақсаты: Жақын аймақты бағдарлауын анықтау.

Нұсқау: Мен қойған сұраққа жауап бер.

- Сенің сол жағыңда не бар?(үстел)
- Оң жағыңда не бар?(шкаф)
- Машинаның оң жағыңда не бар?(доп)
- Машинаның сол жағыңда не бар?(қуыршақ)
- Сол жағыңдағы затты көрсет;(қасық)
- Оң жағыңдағы затты көрсет;(кесе)

5 тапсырма. “Дұрыс көрсет”

Мақсаты: Оң, сол жағын бағдарлауын анықтау.

Нұсқау: Логопед шанышқыны тарелканың сол жағына, қасықты оң жағына қояды да тарелканың оң жағында (сол жағында) тұрған заттарды көрсетуін сұрайды.

6 тапсырма. “Дұрыс орында”

Мақсаты: Оң, сол жақтарын ажыратуын анықтау.

Нұсқау: Мен айтқан тапсырманы тындап ал да, дұрыс орында. Сосын не істегеніңді айтып бер. Егер екі сатыдан тұратын нұсқауды бірден орындай алмаса, сұрақ қою керек.

- Допты оң қолыңа ал да, сол қол жағына қой;
- Машинаны сол қолыңмен ал да, оң қол жағына қой;

Нұсқауды орындаған соң доп машинаның оң жағында, әлде сол жағында тұрма? – деген сұрақ қояды.

7 тапсырма. “Хед сынағы”

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлау қабілетін анықтау. (Тапсырманы екі вариантта жүргізуге болады)

I-варианттың нұсқауы:

- Сол қолыңды көтер, оң көзіңді көрсет, сол аяғыңды көрсет; (егер тапсырманы дұрыс орындамаса, келесідей нұсқау беруге болады)
- Сол қолыңмен оң құлағыңды көрсет;
- Оң қолыңмен сол көзіңді көрсет;
- Оң қолыңмен сол құлағыңды көрсет.

II-вариант.

Баланы қарсы отырғызып әртүрлі қимылдарды қайталау:

- Сол қолыңмен оң қолағыңды ұста;
- Оң қолыңмен сол құлағыңды ұста;
- Сол қолыңмен оң көзіңді жап;
- Оң қолыңмен сол көзіңді жап.

Бұл тапсырмалар орындалуын қадағалауда логопед, жіберген қателердің себебін анықтауға көңіл бөлуі қажет. Ондай қателер кеңістік праксисының бұзылу немесе психикалық белсенділігінің төмендігінің салдарынан болуы мүмкін.

8 тапсырма. “Үй”

Мақсаты: Кеңістікті қабылдауын, ерікті зейіннің даму деңгейін, үлгіні қайталау мүмкіндігін анықтау.

Нұсқау: Логопед балаға үйдің суретін көрсетіп қағазға нақ солай салуын өтінеді. Суретті салып болғансоң “Бәріне дұрыс салдың ба?” – деп сұрайды. Егер қатесі болса оны түзетуге уақыт береді.

Тапсырманың орындалуын бағалауда төмендегідей қателерге көңіл бөлу керек:

- Барлық элементтердің дұрыс салынғанына;
- Элементтерді тастап кетуіне, алмастыруына;
- Сызықтардың түзулігін, арасындағы үзілістердің болмауына;

9 тапсырма. “Суреттен дұрыс көрсет”

Мақсаты: Заттардың кеңістікте бір-біріне қатысты орналасуын анықтау.

Нұсқау: Суретке қарап, сұраққа дұрыс жауап бер.

- Ағаштағы биікте отырған құсты көрсет;(қай құс биікте отыр?)
- Төмедегі отырған құсты көрсет;
- Жақын отырған құсты көрсет.

10 тапсырма. “Жауап бер”

Мақсаты: Кеңістікті бағалау, ойлау қабылдауын анықтау.

Нұсқау: Мен саған бірнеше сұрақ қоямын:

- Құс биік ұша ма, әлде ұшақ биік ұшады ма?
- Ағаш биік пе, әлде 20 этажды үй биік пе?
- Саған не жақын тұр?(орындық,терезе)

Көру функцияларын тексеру

1. Көріп тануын тексеру.

Тапсырма: “Суреттегі затты ата”

Мақсаты: Көріп қабылдауын, тануын тексеру.

Нұсқау: Суретке мұқият қарап, заттары ата.

Тақырыптық топтар бойынша(жеміс, көкөніс, киім, ыдыс) суреттегі заттарды атау.

II вариант.

Пунктармен сызылған заттарды атау.

III вариант.

Кеңістікте әртүрлі орналасқан, немесе үстінен сызық жүргізілген заттарды атау.

2. Көріп талдауын тексеру.

Тапсырма: “Суретші нені ұмытты?”

Мақсаты: Көріп талдауын тексеру.

Нұсқау: Балаға бір бөлшегі жетіспейтін суреттерді көрсетіп: “Суретші нені ұмытты?” немесе суретте не жетіспейді деген сұрақ қояды.

(Суреттер: түлкінің құйрығы жоқ, шәйнектің шүмегі жоқ, үстелдің аяғы жоқ, т.б.)

3. Көріп есте сақтауын тексеру.

Тапсырма: “Есіңе сақта”.

Мақсаты: Көріп есте сақтауын анықтау.

Нұсқау: Мен саған бірнеше сурет көрсетемін, сен мұқият қарап-ал. Сосын мен оны жауып қоямын, сен сол кезектілікпен айтып бересің. Балаға 3-4 сурет немесе геометриалық фигуралар көрсетеді.

Тапсырма: “Не өзгерді?”.

Мақсаты: Көріп есте сақтауын анықтау.

Нұсқау: Мына суреттерді қарап-ал да көзіңді жұм. Мен аш дегенде ашасың. Сосын не өзгергенін айтасың (Логопед суреттердің орындарын ауыстырып қояды, немесе біреуін алып тастайды).

Тапсырма: “Бірдей суретті тап”.

Мақсаты: Көру зейінін, есте сақтауын анықтау.

Нұсқау: Мына суреттердің арасынан дәл осындайын тап деп үлгі береді.

Тексеру нәтижесінде алынған мағлұматтарды талдау барысында келесі ерекшеліктерге көңіл бөлу керек:

- Жіберген қателерге;
- Тапсырманы нақты орындауына;
- Көмекке қажеттілігіне, оның түріне;
- Тапсырманы орындау жылдамдығына.

Моторлық сфераны тексеру

1. Жалпы моториканы тексеруге арналған тапсырмалар:

- Екі қолын жоғары көтеру;
- Оң қолды жоғары көтеріп, сол қолды белге ұстау;
- Екі қолды алға ұстап, сосын төмен түсіру;
- Сол қолды сол жаққа, екі қолды белге, оң қол оң жаққа, екі қолды төмен түсіру.

Бағалау:

“Қанағаттанарлық” – нұсқауды қайталап, қимылды көрсеткен соң жасайды, қатесін өзі түзетеді, жаттығуды жасау темпі өзгеріп отырады.

“Нашар” - бірнеше рет көрсетіп, нұсқауды қайталаған жағдайда да толық жасай алмайды, екі қолмен бірдей қимыл жасай алмайды.

2. Қимылдың статикалық үйлесімділігін(координация) тексеруге арналған тапсырмалар:

- Тік жүру. Көзді жұму. 10-15 сексунд тік, қимылдамай тұру;
- Бір аяғын көтеріп тұру;
- Бір аяқпен тұру. Екінші аяғын бірінші аяғының артында бүгіп ұстайды. Көзін жұмып, қолын алға ұстап тұрады.

Бағалау:

“Қанағаттанарлық” – зорланып жасайды, жаттығуларды орындау жылдамдығы өзгеріп отырады.

“Нашар” - нұсқауды бірнеше рет қайталағанда да жасай алмайды.

3. Қолдың динамикалық үйлестігін тексеруге арналған тапсырмалар:

- Оң қолды алға ұстап жұдырықты түю, қолды ашу, жұму, қолды төмен түсіру;
 - Сол қолды солға ұстап жұдырықты ашу, қолды жұму, ашу, төмен түсіру.
- Нұсқау: жаттығуды жеке 2-3 рет қайталап, сосын жаттығуларды екі қолмен бірге істеп көру керек.

Бағалау:

“Қанағаттанарлық” – зорланып жасайды, жаттығуларды орындау жылдамдығы өзгеріп отырады.

“Нашар” - нұсқауды бірнеше рет қайталағанда да жасай алмайды.

4. Қол мен аяқтың қимылының үйлестігін анықтау үшін төмендегідей жаттығуларды қолдануға болады:

- Сан түзеп жүру(маркировка): оң аяқты алға басып қол шапалақтау, сол аяқты алға басып шапалақтау;
- Тізені бүгіп жүресіненотыру. Бірнеше рет қайталау.

Бағалау:

“Қанағаттанарлық” – зорланып жасайды, жаттығуларды орындау жылдамдығы өзгеріп отырады.

“Нашар” - нұсқауды бірнеше рет қайталағанда да жасай алмайды.

5. Қолдың ұсақ моторикасын тексеруге арналған тапсырмалар:

- “саусақтар сәлемдейді” бас бармақпен түгел саусақты кезекпен түйістіреді; Алдымен сол, оң қолмен сосын бірге жасау қажет;
- “пионинада ойнау” – алақанды ашып кезекпен 1-2, 1-3, 1-4, 1-5 саусақпен үстелге соғу. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен, содан соң екі қолмен жаттығуды жасайды;

- “балапандар” – қолға қарындаш алып үш дегенде мына шеңбердің ішіне тең үш нүкте қою керек. Логопед 1-2-3 деп санайды.

Бағалау:

“Қанағаттанарлық” – нұсқауды қайталап, қимылды көрсеткен соң жасайды, қатесін өзі түзетеді, жаттығуды жасау темпі өзгеріп отырады.

“Нашар” - бірнеше рет көрсетіп, нұсқауды қайталаған жағдайда да толық жасай алмайды, екі қолмен бірдей қимыл жасай алмайды.

Баланың психикалық функцияларының жағдайындағы дәстүрлі, кең тараған әдістерді пайдалана отырып анықталды. Атап айтсақ:

Баланы жанжақты тексеру барысында алынған мағлұматтарды талдау және дұрыс интерпретациялау нәтижесінде оның сөйлеу тілінің даму деңгейі, мектепте оқуға дайындығы анықталып, сөйлеу қортындысы жасалып сөйлеу картасында көрсетілді.

3. СТЖД (IV деңгей) балалармен логопедиалық жұмыс ұйымдастыру

3.1. Логопедиалық жұмыстың негізгі бағыттары, қағидалары

Сөйлеу тілінің дамуының IV деңгейіндегі балалармен жүргізілетін түзету – тәрбиелеу жұмысының мақсатына балаларды мектепке оқытуға кешенді дайындау жатады. Осыған байланысты логопедиалық *жұмысты негізгі міндеттеріне* сөйлеу тілінің дыбыс айтуын, лексикалық- грамматикалық жағын, байланыстырып сөйлеу, сонымен қатар сауат ашуға дайындау дағдыларын дамыту және әрі қарай жетілдіру жатады.

Логопедиалық жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін логопед алдымен төмендегідей жағдайларды анықтап, жұмыс барысында тексеруі қажет:

- Баланың сөйлеу тілін әріқарай жетілдіруге, дамытуға негіз болатын сөйлеу тілі компоненттерінің сақталған жақтарын;
- Баланың сөйлеу тілінің дамымауының қалдық көріністерінің деңгейі мен сипатын;
- Түзету жұмыс барысында маңызды орын алатын баланың психикалық және моторлық аясының даму ерекшеліктерін.

СТЖД балалармен түзету жұмысын ұйымдастыру барысында жүргізілетін сөйлеу тілі құралдарын меңгеру үрдісі баланың оқу материалын түсініп қабылдауына, алған білім және біліктілігін жаттығулар барысында бекітуге және қажет дағдыларын реттеп сөйлеу қатынасында белсенді қолдауға бағытталу керек. СТЖД баламен түзету – дамыту жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- Сөйлеу тілінің фонетикалық – фонематикалық жағын жетілдіру;
- Сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағын дамыту;
- Байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- Сауат ашу дағдыларын меңгеру, яғни оқу мен жазудың қарапайым дағдыларын меңгеруге дайындау.

Түзету жұмысын ұйымдастыру барысында жалпы дидактикалық қағидалармен қатар төмендегідей *ерекше қағидаларды* ескеру тиімді:

- СТЖД балалардың сөйлеу мүмкіншіліктерін және олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру қағидасы;
- Балалардың сөйлеу және сөзсіз функцияларын қатар дамыту;
- Логопед пен тәрбиешінің жұмысын тығыз байланысты жүргізу;
- Онтогенетикалық қағиданы сақтау.

Күрделі тіл кемістігі бар балаларға арналған арнайы топтарда логопедиялық сабақтың келесі түрлері жүргізіледі:

- Топпен сабақ (барлық бала қатысады);
- Кіші топтармен (3-5 бала);
- Жеке сабақ.

Топпен жүргізілетін логопедиялық сабаққа балалар жеке және шағын топтағы сабақтарға алдын – ала дайындалады. Топпен сабақта балалардың дұрыс айтатын дыбыстар өтіледі. Арнайы топтарда топпен сабақтың төмендегідей түрлері жүргізіледі:

- Сөйлеу тілінің фонетикалық жағын жетілдіру (дыбыстық);
- Лексикалық – грамматикалық жағын жетілдіру;
- Байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- Сауат ашуға дайындау.

Аталған сабақтар бірімен – бірі тығыз байланыста жүргізіледі. Мысалы, сөйлеу тілінің жағын жетілдіру сабақтарында өтілетін дыбысқа байланысты сөздік материалдарды іріктеу барысында сөз қорын молайтуға, сөйлем құрау дағдыларын бекітуге арналған тапсырмалар, жаттығулар кеңінен қолданады.

Жеке және шағын топпен жүргізілетін сабақтарға балалар дұрыс айтылатын дыбыстардың анық айтуын ашықтандыру, бекіту және айта алмайтын жоқ дыбыстарды қою жұмысы жүргізіледі. Дыбысты қоюдың алдында міндетті түрде артикуляциялық аппараттың қалпын анықтауға қимыл – қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар пайдаланады. Артикуляциялық аппараттың қалпын, қимылын сапалы түрде меңгеруін қалыптастырудың маңызы зор. Ол үшін логопед әртүрлі тәсілдерді қолданып, барлық анализаторларды (көру, есту, қимыл) іске қосады. Сонымен қатар жеке

сабақтарда тыныс алуын дамытуларын кеңінен қолдану қажет. Тыныс алу жаттығулары баланың сөйлеу тілінің әуездігін, ырғақтылығын жетілдіруге маңызы зор. Логопедиалық сабақтар (жеке, топпен) таңртеңгі кезде жүргізіледі. Тәуліктің екінші жартысында тәрбиеші логопедтің тапсырмасы бойынша топпен немесе жеке баламен түзету жұмысын жүргізеді. Тапсырмалар төмендегідей бағытта жүргізіледі:

- Қойылған дыбыстарды бекіту, ажырату;
- Фонематикалық естуін, қабылдауын дамыту;
- Буын құрамы әртүрлі сөздерді дұрыс айтуға үйрету;
- Есте сақтауын, зейінін дамыту;
- Сөз қорын молайту, сөз жасам дағдыларын дамыту, т.б..

3.2. Сөйлеу тілінің фонетикалық – фонематикалық жағын жетілдіру

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған баланың сөйлеу іс – әрекетінің даму ерекшеліктері (Р.Е.Левина, Н.С. Жукова, Л.Р. Муминова, т.б. авторлардың еңбектерінде қарастырылды). Р.Е.Левина жұмысында сөйлеу тілінің фонетикалық – фонематикалық қалыптасуы оның лексикалық – грамматикалық жағының дамуы мен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Ондай баланың сөйлеу тілінің фонетикалық жағының қалыптаспау деңгейі көп жағдайда мектепте оқуын, ана тілі бағдарламасын меңгеруде қиындық туғызып, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан СТЖД балалармен түзету жұмыс барысында сөйлеу тілінің фонетикалық жағын қалыптастыру, дамыту, жетілдіру ерекше орын алады. Балалардың дыбыс айтуын қалыптастыру жұмысы:

- есту зейіні
- фонематикалық қабылдауын
- сөйлеу тілінің жылдамдығы мен ырғақтылығын қабылдауын
- дыбыстарды дұрыс, анық айтуын
- артикуляциялық аппараттың моторикасын
- сөйлеу кезіндегі тыныс алуын
- дауысты дұрыс пайдалануын
- сөйлеудің әуезділігін, мәнерлігін дамыту

бағыттары бойынша жүргізіледі.

Түзету жұмысын тиімді жүргізу ана тілінің фонетикалық жағының қалыптасу ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. 5-6 жастағы қазақ тілді СТЖД

балалардың сөйлеу тілінің фонетикалық жағдайын, атап айтсақ дыбыс айтуының бұзылуының таралуын және түрлерін анықтауға бағытталған зерттеуде (Қ.Өмірбекова, В.Балқыбекова) төмендегідей ерекшеліктері анықталған:

- Сол жастағы қалыпты дамыған балаларда 5 дыбыс бұзылса, СТЖД балаларда 12 дыбыстың айтылуы бұзылғаны;
- Ызың, ысқырық, санорлы дабыстардың жиі бұзылғаны;
- Қазақ тіліне тән дыбыстардың ішінде жиі бұзылғаны “ң”, “қ” дыбысы;
- 66% СТЖД балаларда әртүрлі топтағы дыбыстарды алмастыруы байқалды (ш=с, р=л, ц=т', ж=з, с=з, ң=н, ц=ч, т.б.);
- 15% балаларда дыбыстарды бұзып айтуы байқалды, көбінесе тісаралық сигматизм (с, з), р дыбысын бұзып айтуы;
- 30% балаларда с-ш, р-л, л-ф, ж-з, қ-г дыбыстарын шатастыру кездесті;
- г – к дыбыстарын шатастыру;
- Дыбысты мүлдем айтпау тек мүлдем айтпау тек 3% балаларда кездесті.

Зерттеу барысында алынған деректер арнайы әдебиеттердегі кейбір авторлардың зерттеу нәтижесіне сәйкес келетіні байқалды. Бұл жағдай жалпы сөйлеу іс – әрекетінің жалпы заңдылықтары ұқсастығын көрсетеді. Сонымен қатар әртүрлі тілде оқитын балаларды сөйлеу тілін түзетуге бағытталған зерттеулерде (Л.Р. Вескер, Л.И. Савка, т.б.) түзету жұмысының мазмұнын, әдістерін анықтау барысында ана тілінің ерекшеліктерін ескеру қажеттігін айтады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың дыбыс айтуын жетілдіру жұмыс мазмұнын, дыбыстарды өту кезектілігін анықтауда келесідей деректер мен зерттеулер нәтижелерін басшылыққа алынды:

- Бұрын бұзып айтылған әр дыбысты жеке өту, қарастыру, баланың фонетикалық түсінігінің қалыптасуына зор әсер ететіні туралы, Р.Е.Левинаның, Л.Ф.Спированың, Г.А.Кашеның, т.б. тұжырымдамасы;
- Б.Баймұратованың 3 – 4,5 жастағы қалыпты дамыған қазақ тілді балаларда жиі кездесетін дыбыс айту кемшіліктерін зерттеу барысында алынған нәтижелері;
- Ж. Абуованың дауысты дыбыстарды айырып тану қиыншылықтары бойынша орналасу кезектілігі (а, е, ә, ы, о, ү, и, і).
- Қ.Қ. Өмірбекова, В. Балқыбекованың 5 – 6 жастағы СТЖД балалардың дыбыс айтуының бұзылуының таралуын және түрлерін зерттеу нәтижелері.

СТЖД (IV деңгей) балалардың дыбыс айтуында күрделі бұзылыстар байқалмағанымен, ұқсас дыбыстарды ажырата алмауы, шатастыруы, сөздің буындық құрамын бұзып айтуы кездеседі.

Дыбыс айтуын жетілдіру сабақтарының негізгі мазмұны:

- Ұқсас (ызың – ысқырық, қатаң – ұяң, жуан – жіңішке) дыбыстарды естіп ажыратуын дамыту;
- Буындық құрамы күрделі сөздердің айтылуын бекіту. Машықтанған сөздердің мағынасын түсінуге және белсенді сөйлеу тілінде қолдануына көңіл бөлу керек;
- Дыбыстық талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, бекіту;
- Мәнерлеп сөйлеуін жетілдіру, дамыту;
- Баланың айта алатын дауысты, дауыссыз дыбыстарды анық айтуын бекіту;
- Дыбыс айту бұзылыстарын түзету;
- Дыбыстарды ажыратуын қалыптастыру (т', ч, с, щ, р, л);
- Сөз қорын буындық құрамы күрделі сөздермен толықтыру;
- Фонематикалық естуін жетілдіру, сөздің дыбыстық құрамын саналы түрде қабылдауға үйрету, дыбысты сөзден бөліп айту және сол дыбысты акустикалық және артикуляциялық белгілері бойынша салыстыру;
- Сөйлеудің жылдамдығын, ырғақтылығын, интонациясын дұрыс қолдануға үйрету.

Қамтып оқытудың арнайы дыбыс айту сабақтарында төмендегідей кезектілікпен жұмыс жүргізу ұсынылады:

- Алдымен артикуляциясы қарапайым дыбыстардан бастаған тиімді (а, у, ә, м, п, о, қ, к, н, и, ы). Бұл дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру артикуляциясы күрделі дыбыстардың айтылуын меңгеруге негіз болады;
- Кейінірек: с, з, ү, б, і, д, т, ө, ғ, г, ұ, ң дыбыстар өтіледі;
- л, ш, ж, р;
- ц, ч, щ, в, ф, х, һ, ю, я, э.

Дыбыс айтуын түзету жұмыс барысында баланың *фонематикалық процесстерін дамытуға бағытталған жұмыс қатар жүргізіледі*. Баланың фонематикалық қабылдауы жеткілікті деңгейде қалыптаспауы, оның дыбыстық талдау дағдыларын меңгеруде қиындық тудырады, яғни сауат ашу дағдыларының қалыптасуына әсерін тигізеді. Сондықтан IV деңгейдегі балалармен түзету жұмыс барысында баланың фонематикалық қабілетін (түсінігін) дамытуға бағытталған жұмыс түрлерін барлық сабақтарда кеңінен жүргізу тиімді.

Сабақта қолданатын сөздік материалдарды, тапсырмаларды іріктегенде балалардың жас ерекшеліктері мен сөйлеу мүмкіншіліктерін ескеру қажет. Баланың сабаққа деген қызығушылығын, эмоциональды реакциясын арттыру үшін әртүрлі ойындарды қолданудың маңызы зор. “Тыңда, дұрыс қайтала”, “Буын тізбектерін есте сақта”, “Телефон” ойындарын баланың фонематикалық қабылдауын дамыту барысында қолдануға болады.

1. “Буын тізбектерін есте сақта” ойыны.

I вариант. Анық, асықпай айтылған буындарды қайталау.

ма – па – да

ма – па – да – қа

ма – па – да – қа – ға

II вариант. Логопед айтқан буындарды керісінше қайталау (қа – са, мө – тә – са)

2. “Кім зейінді”, “Дұрыс тап” ойыны.

Әдістемелік нұсқау. I вариант. Мен айтқан есімдерді қайтала. Арман, Оспан, Әлия, Ұлжан, Талғат, Әлібек, Әмір, Айдос.

II вариант. Мына сөздерде қандай дыбыс естіледі (қаз, қозы).

3. “Дыбыстарды ауыстыр” ойыны.

I вариант. “ш” дыбысын “с” дыбысына ауыстыру

шу

шал

шара

шабақ

II вариант. Сөздегі бірінші дыбыстың орнына “т” дыбысын айт.

май

көл

торт

парақ

күлкі

III вариант. Сөздегі “ұ” дыбыстың орнына “ү” дыбысын қойып айту.

4. “Сөзді аяқта”, “Қандай буын қойылды” (сурет бойынша) “са” немесе “ша” буындарын қосып сөзді аяқта.

тама(ша)

ала(са)

ала(ша)

шыр(ша)

5. Өлеңді тыңдап “С” дыбысы бар сөздерді естеріңе сақтап айт.

Пеш қасында мысық отыр

Екі көзін қысып отыр

Тышқан етін жегісі кеп

Оның тісі қышып отыр.

6. “Қатесін тап”. Сөйлемді тыңдап қатесін тауып, дұрыс қайтала.

Мұрат дүкеннен топ сатып алды.

Балалар аулада ашық ойнап жүр.

Сөздің дыбыстық құрамын талдауға арналған тапсырмалар, ойын түрлері.

1. “Басшы қандай дыбыс”

Дыбысты танып, бөліп айтуын дамыту. Логопед шағын тақпақтарды, жұмбақты негізгі дыбысты анық, баса айтып оқиды. Мысалы:

Сауысқанды, сағызды,

Сарымсақты сәбізді.

Бастап тұрған қай дыбыс?

Жапалақтап жауады

Жердің бәрін жабады

Бұл не аппақ мақтадай

Кәнеки кім табады?

2. “Дүкенде” ойыны

Дыбысты бөліп айтуға үйрету. Логопед сатушының рөлінде, бала – сатып алушы. 3 атты сатып алу үшін алдымен сөздің басындағы дыбысты айт.

3. “Айтуға болмайтын дыбыс”

Сөздегі дыбысты анықтауын бекіту. Логопедтің сұрағына жауап бергенде (м, ж) дыбыстарын аттамаймыз.

– Не мыяулайды?

– ысық

– Не жорғалайды, ысылдайды?

– ылан

– Не маңырайды?

– озы (ой).

4. “Дыбыстардың үйшігі” ойыны

Сөздің дыбыстық құрамын талдауын қалыптастыру, бекіту.

Логопед: үш үйшік салыңдар, енді осы үйшікке “доп” сөзіндегі дыбыстарды орналастырайық.

5. “Лото” ойыны.

Дыбыстық талдау дағдысын дамыту. Балаларға әртүрлі суреттер таратылады.

Логопед: әріпті көрсетіп, кімде бұл әріп бар суретті көрсетуін сұрайды.


Сосын, сол сөздегі дыбыстың орнын (басында, ортасында, аяғында) анықтайды.

6. “Жанды дыбыстар” ойыны.

Дыбыстық талдау, жинақтау дағдысын дамыту. Әр балаға а,п,а дыбыстары болуы ұсынылады. Сосын логопед бірінші “а” дыбысын, “п” дыбысын сосын буын (сөзді) біріктіріп айтады.

7. “Эльконин карточкасы”

Сөздің дыбыстық құрамын талдап қалыптастырудың алғашқы кезеңінде “Эльконин карточкасын” қолдану өте тиімді. Карточканың негізгі мақсаты – сөзде әр дыбыстың өз орны, кезектілігі болатыны туралы ұғымды балаларда қалыптастыру болып табылады. Карточкамен жұмыс жасау әдістемесін қарастырайық.



Логопед: - суретте не бейнеленген?

Бала: - лақ

Логопед: - неше тор?

Бала: - үш

Логопед: - торлар дыбыстардың үйшігі. Сөзде әр дыбыстың өз орны болады. “Лақ” сөзінде қандай дыбыстар бар екенін бірге анықтаймыз. Сендер мұқият тындасаңдар тез табасыңдар.

Логопед “Л” дыбысын созып “Лақ” сөзін айтады.

Логопед: - бірінші қандай дыбыс естіледі?

Бала: - “Л” дыбысы

Логопед: - дұрыс. Келесі екі дыбысты да солай созып айтып орындарын анықтап тор көзге түсті текшелермен белгілейді.

Содан соң, логопед сұрақ қою арқылы барлығы неше дыбыс, дауысты, дауыссыз дыбыстардың орнын анықтайды.

СТЖД (IV деңгей) балалардың фонематикалық қабылдауын, талдауын, жинақтауын дамытуға бағытталған жұмыс түрлері сауат ашу сабағының негізгі бөлігі болып саналады да, әр сабақта кеңінен жүргізіледі.

3.3. Сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағын дамыту

Сөйлеу тілі дамымаған балалардың лексикалық-грамматикалық жағын дамыту олармен жүргізілетін түзету жұмысының негізгі міндетіне жатады. Мектепке дейінгі жастағы СТЖД балалардың сөз қоры мен грамматикалық жағын дамыту мәселелері шетелдік әдебиеттерде, әсіресе ресейлік ғалымдардың жұмыстарында теориялық, практикалық, әдістемелік тұрғыдан кеңінен қарастырылады. Сонымен қатар бірнеше бағдарламалар қолданыста бар және тәжірбиеде кеңінен пайдаланылады. Мысалы: Т.Б. Филичева мен Т.В. Чиркинаның (17) 5 жастағы "СТЖД балаларды түзете оқыту және тәрбиелеу", "Арнайы бала-бақша жағдайында СТЖД балаларды мектепке дайындау"(5) т.б.

Зерттеушілер мектеп жасына дайын балалардың оның ішінде сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың грамматикалық жағынан дұрыс байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысының негізгі – сөзжасам дағдыларын қалыптастыру деп есептейді. Сөзжасамның басты қызметі – жаңа сөз тудыру арқылы сөйлеу тілінің лексикалық қабатын байыту болып табылады.

Қазақ тілді СТЖД балалардың сөйлеу тілінің лексикалық, әсіресе грамматикалық жағын дамыту мәселесіне бағытталған арнайы зерттеулер елімізде жүргізілмеген, бұл мәселеге арналған ғылыми әдістемелік жұмыстар жоқ десе де болады. Жоспарланған зерттеу жұмыс барысында мәселеге қатысты арнайы әдебиеттердегі мағлұматтарды, арнайы бала-бақшалардың тәрбиешілері мен логопед мамандарымен әңгімелесу СТЖД балаларды әртүрлі ситуацияларда бақылау және Г. Ибатованың осы бағыттағы зерттеу нәтижелерін басшылыққа ала отырып IV деңгейдегі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру, жетілдіру жұмысының мазмұны айқындалып жүйеленді.

Қазақ тілінде туынды сөз жасаудың ең бір өнімді жолы жұрнақтар (сөзжасам жұрнақтары) болып есептеледі. Жұрнақтар өзі жалғанған сөзге лексикалық және грамматикалық мағына беретін қосымша түрі Туынды сөз жасауға зат есім, сын есім, есімдік негіз болады.

Зерттеу жұмысында әртүрлі сөз таптарын негізге алып IV деңгейдегі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру үшін сөз тудыратын жұрнақтардың төмендегідей түрлерін меңгеру ұсынылады:

1. Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақтар:

- шы,ші (малшы, әнші)
- хана (асхана, емхана)
- кер,гер (дәрігер, заңгер)
- дас,дес (құрдас,жерлес)

2. Зат есімнің еркелету және кішірейту мәнін тудыратын жұрнақтар:

- тай, жан (ағатай, Қанатжан)
- қай, хан (балақай, ботақан)
- шық, шік (үйшік, қапшық)
- шақ, шек (кұлыншақ)
- ша, ше (кітапша, кілемше)

3. Етістіктерден зат есім тудыратын жұрнақтар:

- ма, ме, ба, бе па, пе (аялдама, баспа, сүзбе)
- қыш, кіш, ғыш, гіш (сыпырғыш, өшіргіш)
- уыш, уіш (тырнауыш, түйреуіш)

4. Зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақтар:

- дай, дей, тай, тей (таудай, құстай, баладай)
- сыз, сіз (кітапсіз, сусыз)
- ті, ды (күшті, жауынды)

5. Етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар:

- шақ, шек (мақтаншақ, еріншек)
- уық, уік (жылауық, тістеуік)
- аған, еген (қабаған, сүзеген)

Сонымен қатар септіктердің қолдану жиілігі мен күрделігін ескере отырып оларды сабақтарда өту кезектілігі ұсынылады. Алдымен атау, ілік, жатыс, барыс, шығыс, табыс, көмектес септіктерін оқыту тиімді деп санаймыз.

Сөйлем құрау барысында сөздің элементтерінің мағынасы интеграцияға ұшырауына байланысты СТЖД балалар септік жалғау қолдануда көп шатасады, қосымшаларды дұрыс жалғай алмайды кейде тіпті қосымша жалғамай, құр морфемаларды қолданады. Ондайды болдырмау үшін балаға қосымшаларды қолдану нәтижесінде сөздің бастапқы мағынасының өзгергенін, басқа мағынаға ие болатындығын түсіндіре білу керек. Мысалы, қой деген сөзбен сөйлем құрау үшін, қосымша жалғанатынын көрсетеміз. Мысалы, Қойға су бердім. Қойды қораға қамадым.

СТЖД (IV деңгей) балалардың лексикалық – грамматикалық жағын дамыту барысында көп мағыналы сөздепмен жұмыс жүргізуге көңіл бөлу қажет. Қазақ тілінде көп мағыналы сөздер көп болғандықтан мектеп жасына дейінгі қалыпты балалардың көпшілігі ондай сөздерді дұрыс қолдануда қиналады. Сөздің көп мағыналығын түсіну тек мәтіндермен жұмыс жүргізу кезінде дамиды. Сөздің мағынасын түсіндіру үшін көп мағыналы сөздер кездесетін шағын мәтіндерді оқып сол мәтіндегі көп мағыналы сөздермен түсіндірме сөздік жұмысын өткізу керек. Мысалы, “ара” деген сөзді бал жинайтын жәндік атауы, екі заттың арасындағы орын екенін, әр сөзге мысалдар келтіре отырып түсіндірген жөн. Сөздің контекстте қолданылуына байланысты, өзімен байланысқа түсіп тұрған сөздің мағынасына қарай қолданып тұрғанына

көңіл бөлу керек. Осындай морфема сөз тіркестердің жасалуы мен қолдануын дұрыс түсініп, еркін меңгерген бала сөздерді дұрыс байланыстырып сөйлеуге тез үйренеді.

3.4. Байланыстырып сөйлеуін дамыту

Байланыстырып сөйлеу тілі – бұл сөйлеу әрекетінің ең күрделі түріне жатады. Байланыстырып сөйлеу тілі өзіне тән белгілермен, сонымен қатар жүйелілігімен, бірізділікпен баяндау ерекшеліктерімен сипатталады, яғни логикалық бірізді айтылған сөздерді игеріп, оның компоненттерін – сөйлемді, сөздерді бір – бірімен байланыстырып сөйлеу. Қазақстандық көптеген ғалымдар С. Рахметова, Қ. Бозжанова, Г. Уайсова, Р. Әміров, т.б. балалардың сөздік қорын молайту жұмыстарын тіл дамытудың негізгі бағыты ретінде қарастырады. С. Рахметова байланыстырып сөйлеуді дамыту жұмыстарын үш жақты жүргізсе ғана жемісті болады деген тұжырым айтады. Біріншісі – балалардың сөздік қорын молайту, екіншісі – балалардың меңгерген сөздерін қарастыра отырып, сөз тіркесі мен сөйлем құруға, үшіншісі – сөйлеуге үйрету жұмыстары.

Баланың сөздік қорын молайтудың негізгі мақсаты сайып келегенде, мәтінді ұғынуларын, үйренген сөздерінің мағынасын терең түсініп, мұғалімнің көмегінсіз қажетті жағдайда өзбеттерімен оны дұрыс қолдана алуын қамтамасыз ету, яғни сөздермен сөйлем құрастырып ауызша сөйлеу тілінде қолдану болып табылады.

Арнайы әдебиеттерде жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру мәселелерінің әртүрлі аспектілері қарастырылады.

Л.Ф. Ефименкова СТЖД мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуді дамытудың тәсілдерін жүйелеп үш кезеңге бөледі. Әр кезеңде сөз қорын молайту, сөйлем құрау, байланыстырып сөйлеуін дамытуға бағытталған жұмыс жүргізіледі. Автор алдымен мәтінді толық, сосын іріктеп, соңында шығармашылық элементін қосып айтуды ұсынады. Барлық жағдайда мәтінді талдау қажеттілігі айтылады.

В.П. Глухов әңгімелеу жүйесін келесі кезеңдер бойынша жүргізу керектігін көрсетеді:

- көрнекілік бойынша;
- мәтін бойынша;
- сипаттау – әңгімелерін құрау;
- шығармашылық элементтерін қосу арқылы әңгімелеу.

Т.А. Ткаченко қосымша құралдарды (көрнекілік, модель) қолдана отырып, біртіндеп күрделендіріп келесідегі кезектілікпен жұмыс жүргізуді ұсынады:

- көрнекілік іс – әрекет бойынша;
- көрсету іс – әрекет бойынша;
- фланелеграфты пайдаланып әңгімені қайталап айту;
- ілеспелі суреттер бойынша әңгімені айту;
- ілеспелі сурет бойынша әңгіме құрау;
- сюжетті сурет бойынша әңгімені қайталап айту;
- сюжетті сурет бойынша әңгіме құрау.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту кешенді түзету – педагогикалық жұмыстың негізгі бағытына жатады. IV деңгейдегі балалардың байланыстырып сөйлеу жұмысының негізгі мазмұны:

- түрі және қолдануы бойынша ұқсас заттарды салыстыру (орындық – кресло, кесе – стакан, алма – лимон, т.б.) заттарды (жануарларды) сипаттап – әңгімелеу;
- ұқсас сөз тіркестерін, сөздерді табу (мысық – қасық, тарақ – қалақ). Шағын өлеңдермен жаңылтпаш жатқа айту (қағып – қағып қанатын, қаңқылайды қазымыз);
- орындалған іс – әрекетті есте сақтап сөзбен айтып беру, логопед айтқан сөзді толықтыру (қыз ойнады – қыз қуыршағымен ойнады);
- іс – әрекетке сын есім сөздерді табу, сөйлемді толықтыру;
- затқа қатысты сын есімдерді табу. “Көбірек сөзді табындар” қызықты ойын түрінде жүргізуге болады,
Қыс қандай? – суық, аязды, боранды, қарлы;
Қар – жауады, ериді, жылтырайды;
Жауын – жауады, сіркіреді, құяды, т.б.;
- ілеспелі суреттер, логикалық құрылымдағы сюжетті суреттер бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Қосымша эпизодтар қосу арқылы әңгімені кеңейту;
- тірек сөздер бойынша сөйлем құрап әңгіменің мазмұнына қосу;
- қызықты оқиғалар кемесе ертегілер элементтерін қосып сөйлем құрау;
- жануарлар туралы сөйлем құрау. Үй жануарлардың төлдері қалай аталады? Өскенде олар қалай аталады (құлын – жылқы, бұзау - сиыр). Қандай пайдасы бар? (сиыр сүт береді, жылқы жүк тасиды, көлік болады т.б.);
- себеп – салдарды анықтау. Сөйлем құрау, оларды әңгімеге қосу (доп ойнап жүрген бала, сынған терезе);

- логопедтің бастауы немесе аяқтауы бойынша әңгіме ойластыру, айту (Жаңбыр жауып тұр. Бала далаға шықты Бала тамағын байлап жатыр);
- қиалдау элементтерін қосып сөйлем құрау. “Қиалшылдар” ойыны (Бақтағы ағашта алтын алма өсіп тұр, т.б.);
- сурет бойынша, сұрақ бойынша сөйлемдерді кеңейту арқылы оқиғаларды қосу арқылы әңгіме, ертегі, мәтін құрастыру;
- ілеспелі, сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыру;
- тақпақтар жаттау.

Көптеген зерттеушілер (Р. Е. Левина, Н.Б. Филичева, К.В. Комаров, т.б.) СТЖД балалардың байланыстырып сөйлеуінің ерекшеліктерін атай отырып, алдымен оны қалыптастыруының алғышарттарын дамыту жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын айтады.

Монологты байланыстырып сөйлеуді меңгеруге психологиялық алғышарт құру:

- қоршаған орта жайлы білімі мен түсінігін кеңейту;
- көрнекілік – бейнелік құралдар көмегімен бейнеленген жағдайлардың себеп – салдар қатынасын анықтау;
- зейінін, есте сақтау және жұмыс жасау қабілетін дамыту;
- күрделі сөйлемнің бөлімдерінің арасындағы себеп – салдар байланысын анықтау дағдысын қалыптастыру;
- ауызша мазмұндауды бағалау дағдысын қалыптастыру: көрнекі құралдары (сюжеттік сурет, балаларға арналған қызықты суреттер, карта – схема, т.б.) тиімді қолдана отырып әңгіменің мағыналық жағын көру арқылы үлгілеу;
- әңгімені бөліктерге бөлу, яғни әңгіменің басын, ортасын, соңын, ажырата білуге үйрету.

Монологты байланыстырып сөйлеу тілін меңгерудің лингвистикалық алғышарттары:

- сөздің қорын байыту;
- сөздерді мағыналық жағынан байланытыру дағдысын қалыптастыру;
- тексттің лексикалық құрылымын, олардың мағынасын және ауызша сөйлеу кезінде оларды дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру;
- сөйлем құруға үйрету (бірінғай мүшелерді қолданып жай сөйлем және сабақтас және салалас құрмалас сөйлемдер);
- сөйлеу тіліне қол жетімді грамматикалық құрылымды қосу.

Баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту жұмысы әртүрлі құрылымды сөйлемдерді құрау дағдысын қалыптастырудан басталады: А.Н. Гвоздевтің айтуынша “сөйлем – баланың сөйлеу тілінің дамуында үлкен рөл

атқарады. Ана тілін меңгеру түрлі сөйлемдерді меңгерумен сипатталады.”
Сөйлем құрау дағдыларын дамыту жаттығулары мен тапсырмалар:

- Екі сурет бойынша (бала алма, қыз кітап) құру, сөйлемді сөздің тұрлаусыз мүшелерімен толықтырып кеңейту. (Бала алма жеп отыр. Бала тәтті, қызыл алма жеп отыр. Қызыл көйлек киген бала тәтті, дәмді алма жеп отыр).
- Ретсіз берілген сөздерден сөйлем құрау (барды, балалар, саяхатқа, тауға; бала, тау, саяхат, бару).
- Сөйлемдегі жетіспеген сөзді табу (Балалар көлде ... жүр).
- Сөйлемді аяқтау (Балалар көлде).
- “Жанды суреттер” бойынша сөйлем құру (Фланелеграфта әртүрлі суреттер, іс – әрекеттерді көрсету бойынша).
- Мағынасы бойынша сөйлемдерді дұрыс реттеп құру (Әжем қағаз пышақпен нан кесті, үйткені атам қолшатыр алды).
- Берілген сөздермен сөйлем құрау (Бала, мұғалім, оқиды, жазады, жуынды, т.б.).
- Әртүрлі ойын түрлерін сюжетті суреттер бойынша сұрақ қою арқылы шағын әңгіме құрастыруға дағдыландыру.

«Ойыншықты тап»

Мақсаты: Заттарды белгілеріне және қимыл – қозғалыстарына қарай табу.

Әдістемелік нұсқау: Логопед 3-4 ойыншық көрсетіп, олардың аттарын айтып өтеді. Бұл ... қоян, түлкі. Логопед әр ойыншықты жеке сырт бейнесімен айтып өтеді. Бұл ойыншық. Ол сұр түсті. Құйрығы қысқа, ал құлақтары ұзын, сәбізді жақсы көреді, жылдам секіреді.

«Кім жайлы айтып тұрмын»

Мақсаты: Байқағыштығын дамыту, суреттегі заттың негізгі белгілеріне қарай табуға үйрету.

Әдістемелік нұсқау: Логопед өз араларында бір баланың киімін, түрін сипаттап береді. Мысалы, “Бұл қыз, ол үстіне ақ көйлек және қара шалбар киген, оның аяқ-киімі қара түсті және ақ бантик таққан. Ол қуыршақпен ойнағанды жақсы көреді”.

«Қандай екенін айт»

Мақсаты: Затты белгілері бойынша сипаттауға үйрету.

Әдістемелік нұсқау: Логопед қорабшаның ішіне заттарды шығарып атайды. “Бұл алмұрт”, ал балалар оның белгілерін айтады “Ол жасыл, жұмсақ, тәтті”, “Бұл қызанақ, ол қызыл, домалақ, қышқыл”, “Бұл қияр, ол ұзын, жасыл, кіртілдеп тұрады”.

«Қай қуыршақ»

Мақсаты: Қуыршақтың (немесе басқа заттың) әртүрлі белгілерін айтуды үйрету.

Әдістемелік нұсқау: Логопед: Бір бала қуыршақты әдемі емес деп айтыпты, ал ол ренжіп қалыпты. Оған көмектесу керек, оның әдемі екендігін айту керек. Бұл не? (қуыршақ). Ол қандай? (әдемі, тартымды). Балалар қуыршаққа ат қояйық: Асел не істей алады? (ойнайды, сурет салады, ән айтады, билейді). Барлығымыз бірге Асел туралы айтайық. Логопед бастайды: “Біздің Асел (ең әдемі). Оның ... (қызыл түсті әдемі көйлегі, аппақ бантигі, қоңыр аяқ киімі және ақ нәскиі бар)”.

«Кім жақсы мадақтайды»

Мақсаты: Жануарлардың белгілерін логопедтің үлгісімен айтып үйрету.

Әдістемелік нұсқау: Логопед бір ойыншықты алады (аю), ал балаға қоянды береді. Бастайды:

Л: Менде аю.

Б: Ал менде қоян.

Л: Аюдың қоңыр тоны бар.

Б: Ал қоянда ақ.

Л: Аюдың құлағы кішкентай домалақ.

Б: Ал қоянның құлағы ұзын т.б.

«Қуыршақтар не істейді »

Мақсаты: Мағынасы жағынан ұқсас және қарама – қарсы сөздерді қолдану.

Әдістемелік нұсқау: Бүгін қонаққа екі қуыршақ келді: үлкен және кіші, қуыршақтар сурет салғысы келеді. Үлкен қуыршақ ұзын қалам алады, ал кішісі (қысқасын). Үлкен қуыршақ суретін салды, ал кіші қуыршақ ... (кіші), кішкентай үйді басқаша қалай атауға болады (үйшік).

Қуыршақтар серуенге шықты. Үлкен қуыршақ кең жолмен жүрді, ал кішісі ... (тар жолмен). Олар үйге кірді, қолдарын жуа бастады. Қуыршақтар бірінші ыстық суды ағызды, ал сосын ... (суығын). Егер суық суды ыстық сумен араластырса су қандай болады? (жылы, жылырақ).

Қуыршақтар ұйықтайын деді.

Олардың төсектері әртүрлі еді. Қандай? (биік – аласа, үлкен – кіші, кең – тар).

«Бейнелерді ретімен орналастыр»

Мақсаты: Бейнелердің басы мен аяғын анықтап әңгіме құрастыру.

Әдістемелік нұсқау: Балаларға екі суреттен таратады. (Бала ұйықтап жатыр және дене жаттығуын жасап жатыр; қыз түстеніп жатыр және ыдыс – аяқты

жуып жатыр; анасы кір жуып жатыр және іш киімдерін жайып жатыр; т.б.). Бала суреттегі бейнелерді ретімен қойып қысқа әңгіме құрастырылады.

«Кім не істей алады»

Мақсаты: Жануарлардың мінез – құлық әрекеттерін білдіретін етістіктерді қолдану.

Әдістемелік нұсқау: Балалар суреттегі жануар туралы айтады, не істейтінін, қалай дауыс шығаратынын. Мысалы, мысық – мияулайды, пырылдайды, тырнайды, тышқан аулайды, жіп шумақпен ойнайды; ит – үреді, үй күзетеді, сүйек кеміреді, құйрығымен ойнайды, жүгіреді.

Балалар шағын әңгімелерді әр түрлі тәсілдердің көмегімен меңгере, сипаттама әңгімелерді құрастыруға көшуге болады. Алдымен сипаттама әңгімелерді сөйлеу үлгісі бойынша (логопед әңгімесі), содан соң сызбаларға сүйеніп әңгімелейді. Сипаттауды модель бойынша жүргізуге болады:

түрі
көлемі
түсі
бөліктері, құрылымы
неден жасалғаны
дыбысталуы, қоректенуі
тұратын жері, т.б.

Сипаттау бағыттарын сызбаға әртүрлі белгілермен белгілеп, баланы алдын ала таныстырып, жаттықтырады. Содан соң өзбетімен айтуға үйретеді.

«Әдемілеп сипатта»

Мақсаты: Сипаттама әңгіме құрастыру дағдысын қалыптастыру, дамыту.

Әдістемелік нұсқау: Логопед берген сызба бойынша “аю” туралы әңгімелерді ұсынады. Егер бала қиналатын болса, сызба бойынша қосымша сұрақ қою арқылы баланың жауабын жүйелейді.

«Айнұр мен қоян жайлы айтайық»

Мақсаты: Схема бойынша мәтін құрастыру.

Әдістемелік нұсқау: Тәрбиеші Айнұр жайлы ертегіні айтады.

Айнұр ... (оянды ертеңгі жаттығуын жасап, орманға барып қайтайын деп шешті). Ол ... (серуенге Қайрат ағасын шақырды). Орманда кенеттен ... (олар қоянды көрді). Олар ... (қатты қорқып кетті де қимылдай алмай қалды). Қоян ... (балалардан қорқып қашып кетті).

Балалар схема бойынша қайталап айтады.

«Лақтар мен көжсек»

Мақсаты: Балаларға таныс ертегіні өздері құрастырып ойша аяқтауға үйрету.

Әдістемелік нұсқау: Бірінші “Лақтар мен қасқыр” ертегісін еске түсіру керек. Ертегі бітті, бірақ тәрбиеші қайта тыңдауды ұсынады, қалай болғанын: “Ешкі қайта орманға кетті. Лақтар өздері қалды. Кенет есік қағылады. Лақтар қорқып тығылып қалады. Ал бұл кішкентай ... (ойыншықты көрсетеді) көжек. Көжек айтады ... (“Қорықпаңдар бұл мен кішкентай көжек”). Лақтар ... (көжекті кіргізеді). Олар оны күтті ... (орамжапырақпен, сәбізбен). Балалар тамақ ішіп алып ... (ойнайды, көңілді отырды). Көжек ойнады ... (барабанда ойнады). Ал лақтар ... (көңілді секірді).”

Ойынды сахналауға қызығушылығын сақтап қалу үшін арнайы ойыншықтар жиынтығы таңдар алуға болады: шырша, себеті бар қыз, кірпі. Кішкентайларымен, саңырауқұлақтар әртүрлі түспен және көлеммен: тиін, қарағай, саңырауқұлақтар, қоян, қонжық және т.б. Ойыншықтармен танысқан соң тәрбиеші балаларға қыз бен кірпі туралы және тиін мен достары жайлы ертегіні айтып берулерін сұрайды.

Балаға қысқа, бірақ мазмұны жағынан сәйкес сызбаларды ұсынуға болады (“басталады ... Балалар ... Олар кенеттен ... сол кезде ..., Бір кезде балалар ... көреді ... Олар оған былай дейді ... Сонымен ...”).

Егер үлкендер өз тәжірибесімен балаға ертегі құрастыруды әрдайым тапсырып отырса (өзіне ұнайтын ойыншықтары, отбасы мүшелері туралы, демалыс күндері уақытты өткізгендері жайлы, қызықты жағдайлар туралы) бұл сөздерге қызығушылығын дамытады, яғни баланың ары қарай ана тілін жақсы меңгеруіне себеп болады.

Мұндай жаттығулар балалардың, өз бетімен ертегі немесе әңгіме құрастыра алуға үйретеді; оған нақты жағдайларды қосуды; осылай баланың шығармашылық дағдылары дамиды; олар тапсырманы түсінеді; әңгіме құрастыру әңгіменің сөйлемдерін ойластыру тәрбиешімен бірге оны байнелеп айтып береді.

Сурет бойынша әңгіме құрастыру тәсілдері:

- Суретті негізге ала отырып берілген сөз бойынша сөйлем құрастыру;
- Суреттегі адамдар әрекетін ойнату. (ойын – сахналау)
- Суреттегі бейнелер әрекетінің жалғасын ойластыру;
- Сурет бөлімдеріне әңгіме құрастырғанда әр бөлімге ат қою;
- Педагогтың нұсқауымен, сұрақтарымен балалар қате айтылған мазмұнын қалпына келтіру;
- Ілеспелі сурет бойынша жұмыста олардың реттілігін табу;
- Суреттегі заттың көрсетілген бөлшектерін атау, затты сипаттау.

Монологтық сөйлеу тілін дамыту үшін “Синквейн” әдісін қолдануға болады. Синквейн – француз тілінен аударғанда “Бес жол” немесе бес қатарлы

өлең деген мағынаны білдіреді, яғни ұйқассыз бес жолдан тұратын өлең құрау әдісі. Синквейн әдісін құрастыру ережесі:

Бірінші қатар – бір сөз, басты мақсатты көрсетуші қарапайым зат есім;

Екінші қатар – екі сөз, басты ойды сипаттайтын сын есімдер;

Үшінші қатар – үш сөз, тақырып аясында іс – әрекетті сипаттайтын етістіктер;

Төртінші қатар – тақырыпқа қатысты бірнеше сөзден фраза құрастыру;

Бесінші қатар – тақырыптың мәнін ашатын біріншісімен байланысты сөздер.

Мысалы,

- 1) Шырша,
- 2) Жасыл, сәнді,
- 3) Өседі, таң қалдырады, қуантады,
- 4) Мен мерекелік шыршаны жақсы көремін,
- 5) Қыс, жаңа жыл, балалық шақ.

Әрине балалар өз ойын толық және еркін жеткізу үшін олардың лексикалық қоры мол болу керек. Грамматикалық жағынан әртүрлі сөйлем құрау дағдылары дамыған, қоршаған орта туралы (өлі, тірі табиғат) түсініктері біршама қалыптасқан болуы керек. Сондықтан “Синквейн” әдісін қолданғанда балалардың сөйлеу мүмкіншіліктеріне байланысты дайындық жұмыстарын жүргізу қажет.

Балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту және жетілдіру жұмысында олардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруға бағытталған әртүрлі тапсырмаларды қолданудың маңызы зор. Шығармашылық тапсырмалардың түрлері:

1. Сюжетті суреттегі бейнеленген оқиғаға ұқсас, бір баланың (қыздың) бастан кешкен оқиғасы туралы әңгімелеу (Балалар тауға барды. Онда олар кірпіні ұстап алды. Оны үйге әкелді, т.б.).
2. Суретке сүйеніп басталған әңгімені аяқтау.
3. Әңгіменің аяғы бойынша әңгіме құрау. Тапсырманы жеңілдету үшін алдымен бір тақырыпқа 2-3 әңгіме тыңдау, топпен әңгіме құрау, мазмұнға байланысты суреттер көрсету арқылы көмектесуге болады.
4. Берілген сюжет бойынша ертегі құрау.
5. Мәтіннің мазмұны бойынша сурет салып, содан соң әңгіме құрастыру.
6. Сызбалармен суреттердің көмегімен әңгімені өңдеу, толықтыру (әрекет уақытын, түрін, орнын өзгертіп баяндау).
7. Әңгімені, ертегіні сахналау.
8. Жарнамалық хабарламаларды құрастыру. Алдымен үлгі бойынша топпен құрау. Сұрақ, нұсқау бойынша, берілген сөздер бойынша құрастырып айтады (ойыншықтар – әдемі, таза ағаштан жасалған, денсаулыққа зияны жоқ, сапалы, мықты, берік, әртүрлі жеңілдіктер қарастырылған, т.б.).

9. Мақал – мәтелдер, жаңылтпаш, жұмбақ, тақпақ жаттау. Сол материалдар бойынша шығармашылық тапсырма беру. (Мысалы, жұмбақ шешіп жауабын сипатта; тақпақтағы сөздерге мазмұны бойынша ұқсас сөздерді тап, т.б.).

IV деңгейдегі балалармен байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысы бағдарламада қарастырылған сабақтар мен қатар сабақтан тыс уақытта жүргізілсе өте нәтижелі болады.

3.5. СТЖД балаларды сауат ашуға дайындау

Баланы мектепке дайындау мәселесі оның өмірінің барлық жағына қатысты кешенді, жанжақты міндеттерді іске асыру екені белгілі. Бұл өзекті мәселелермен әртүрлі саладағы (медицина, педагогика, психология) мамандар айналысып келеді. Қазіргі кезеңге дейін сауат ашудың анықтамасы, сауат ашуға жүйелі оқытудың мерзімі, сапалы оқытудың тиімді әдіс – тәсілдері, сауат ашудағы қиындықтарын алдын – ала анықтау мәселелері туралы көзқарастар әртүрлі. Бұл аталған мәселенің күрделілігін, өзектілігін көрсетеді.

Психологиялық – педагогикалық әдебиеттерде баланы мектепке дайындаудың әртүрлі анықтамалары кездеседі. А.В.Запорожец мектепке дайындықты “баланың жалпы физикалық, ақыл – ойының өнегелігінің, эстетикалық дамуының жоғары жаңа деңгейге жеткен жетістігінің қасиеті мен сапасының көрсететін біртұтас жүйесі” деп түсіндіреді. Педагогикалық әдебиеттерде мектепке дайындықты, баланың мектеп өміріне ойдағыдай бейімделуіне қажет маңызды алғышарты болып табылатынын белгелі бір психикалық қасиеттерінің кешені деп қарастырады. Мектепке дайын баланың қоршаған орта туралы түсінігі, білімі, тәрбиелік ойлау іс – әрекеті қалыптасқан. Олардың қажетті деңгейде ойлауы, сөйлеу тілі, танымдық қызығушылығы, оқу іс – әрекетінің қарапайым түрлері дамыған болып келеді.

Сауат ашуға дайындау оқу мен жазуға дағдыларын қалыптастыру деп саналады. Ал сауат ашуға сапалы дайындау фонематикалық естуі мен қабылдауы толық дамыған жағдайда ғана мүмкін болады. Сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалардың екі жаста алғашқы фонематикалық қабылдауы қалыптасады. А.И. Гвоздев, Н.Х. Швачкин, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Л.Е. Журавлевтардың зерттеулерінде сөйлеу тілінің дыбыстық жағын дұрыс қабылдаудың дамуының қолайлы да тиімді кезеңі 5 жас деп көрсетеді. Сонымен қатар, сауат ашу дағдыларын меңгеру – баланың көптеген психикалық функцияларының жетілуін талап ететін күрделі іс-әрекет деп И.Н. Садовникова санайды.

СТЖД балалардың оқу мен жазуға дағдыларын меңгеруде әртүрлі қиындықтар туындайтыны көптеген зерттеулерде көрсетіледі.

С.С.Ляпидевский, М.М.Кольцова жазуға оқыту барысындағы кездесетін қиыншылықтарды сөйлеу тілі дамымаған балалардың маторлық аясының бұзылуымен байланыстырады. Авторлардың пайымдауынша ондай балалар қаламды дұрыс ұстай алмайды, баяу жазады, соның салдарынан әріптер біркелкі болмайды, қисық жазылады, қателер көп кездеседі. Кейбір авторлар ондай қиыншылықтарды оптикалық сипаттағы функциялардың жетілмеуімен байланыстырады. СТЖД балалардың көпшілігінде әріпті қабылдау, тану деңгейі төмен болатынының жазуында жолдан шығып жазу, керісінше жазу байқалатынын айтады.

Г.А. Каше, И.К. Колпоковская, К.К.Өмірбекова, В.С.Балқыбекова сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің фонетикалық-фонематикалық жағының толық дамымауы сауат ашу дағдыларын меңгеруге әсерін тигізетінін айтады.

З.А. Мовкебаева СТЖД балалардың мектепке дайындығын келесі тұрғыдан қарастырады:

- физикалық жағдайының дайындығы;
- оқу іс-әрекетін меңгеруде интеллектуалдық дайындығы;
- тұлғаның дайындығы.

Зерттеу нәтижесінде қалыпты балалармен салыстырғанда СТЖД балалардың барлық бағыттар бойынша жеткіліксіз дамуы байқалатынын көрсетеді.

Кейінгі кездерде баланың мектепке дайындығын анықтауда “жазудың функциональды негізі(базис)” деген ұғым кеңінен қолданылып келеді. Жазудың функциональды негізін жазу процесін меңгеруге қажет функциялар мен жоғары деңгейдегі күрделі дағдылардан тұратын көпсатылы жүйе деп қарастырады.

Мәселеге қатысты арнайы әдебиеттерде дамуында ауытқулар бар балалардың жазу мен оқуының бұзылу себептеріне сөйлеу тілінің бұзылыстарымен қатар сөзсіз функцияларының дамымауы жататыны көрсетіледі (Г.А.Каше, Р.Е.Левина, Г.В. Чиркина, Р.И.Лалаева, И.В.Прищепова, И.А.Денисова, З.А.Мовкебаева, т.б.). Сөзсіз функциялардың жағдайын уақытылы анықтаудың жазбаша сөйлеу тілін меңгеру қиыншылықтарын алдын алып, арнайы түзете-оқыту үрдісін тиімді жүргізуде маңызы зор.

Көптеген зерттеушілер сөйлеу тіл бұзылған балалардың көпшілігінде кеңістікті бағдарлауының дамымауы жиі кездесетінін айтады. Балалар “оң - сол”, “астында - үстінде”, “алдында - артында” деген ұғымдарды шатастырады, кеңістікті білдіретін сөздерді дұрыс атай алмауды, сурет салғанда кеңістік қатынастарын көрсетуде қиналуы кездеседі.

Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың кеңістікті елестетуін зерттеуге арналған жұмыстарды елестету мен сөйлеудің арасында тығыз байланыс барын айтады. Осыған байланысты Л.С. Выготский былай дейді:

“елестетудің дамуын бақылау ол функцианың сөйлеу тілінің дамуымен байланыстылығын көрсетті. Сөйлеу тілінің кешеуілдеп дамуы елестетуін де кешеуілдетеді”.

Сөйлеу тілі дамымаған ерте мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың творчестволық кеңістікті елестетуін зерттеу барысында В.П.Глухов ондай балалардың қалыпты балаларға қарағанда елестетудің тиімді іс-әрекет деңгейінің төмендігін анықтады. Сөйлеу тілі дамымаған балаларға елестету функцияларының баяулығы, тез шаршап қалуы тән. Сонымен қатар сол жастағы балалардың көпшілігінде заттың түрі, көлемі, кеңістіктегі заттың орналасуы туралы мағлұматтарының жеткіліксіздігі анықталды. Олар “жоғары – төмен”, “жақын – алыс” деген ұғымдарды түсіне бермейді. Заттың көлемін білдіретін сөздерді табуда қиналады. (Л.Г.Парамонова)

Зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес 5 – 6 жастағы қазақ тілді СТЖД балалардың сауат ашуға қажет функциональды базисінің жағдайын анықтауға бағытталған тексеру жұмыс нәтижелері жалпы арнайы әдебиеттердегі деректерге сәйкес келетінін көрсетті. Кеңістікті бағдарлауын тексеруге бағытталған он тапсырманың ішіндегі қиындық тудырғаны оң – сол жағын ажырату болды. Ондай қиындықтар 73% балаларда кездесті. Хед сынағын орындауда балалар көмектің әртүрін қажет етті, көптеген қателер жіберді. Нәтижесінде 25% балалар дұрыс орындады. Ал қарама – қарсы отырып оң – сол жағын көрсету тапсырмасын әртүрлі қолмен көрсеткен жағдайда да көпшілігі орындай алмады. Зерттеу нәтижесі СТЖД балалардың көпшілігі кеңістікті білдіретін сөздердің мағынасын толық меңгермегенін көрсетті. Балалар “арасында” деген сөзді жиі “ішінде” деген сөзбен алмастырды, “алыс”, “қашық” сөздердің мағынасын толық түсінбейтіні байқалды.

Сөйлеу тілі дамымаған балалардың көпшілігінде кеңістікті білдіретін сөздерді түсінуі сақталғанмен, ауызша белсенді сөйлеуде қолданбайды. Сын есімдерді шатастырады немесе “үлкен – кіші” сөздерімен алмастырады. Мысалы, “қалың – жалпақ”, “жұқа – жіңішке”, деген сөздердің орнына “үлкен – кіші” деген сөздерді қолданады.

Кеңістікті бағдарлаудағы аталған кемшіліктер уақытты қабылдау кемшіліктерімен қосылып қатар байқалады. Сондықтан түзету жұмыс барысында негізгі уақыт мөлшері, адамның жасы туралы ұғымдарды анықтау қажет. Үйткені, заттардың кеңістікте орналасуын, жыл мезгілін, тәулік, апта кезектілігін, адамның жасын анықтау дағдыларын жетілдіру біртіндеп баланың сөздің дыбыстық-буындық және морфемдік құрамын талдау дағдысының қалыптасуына негіз болады.

Адамның қоршаған орта туралы әртүрлі мағлұматтарды көру анализаторы арқылы алатыны белгілі. Шамамен 90% мағлұматтар көру арқылы қабылданады. Көріп қабылдау, көру бейнесі баланың танымдық процестерінің, эмоционалдық сферасының дамуына және көптеген білік, дағдылардың

калыптасуына зор әсерін тигізеді. Көріп қабылдаудың нақтылығы, көрген бейненің есте сақталуы баланың жазу, оқу дағдыларын тиімді қалыптасуының алғы шартына жатады. Оптикалық – кеңістіктік түсініктерінің қалыпты деңгейде дамуы әріп белгілерін дұрыс меңгеруге, әсіресе жазылуы ұқсас әріптерді ажыратуға маңызы зор. Бірақ мектепке жаңа келген қалыпты дамыған балалардың көпшілігінде аталған функциялардың толық қалыптаспағаны жиі байқалады. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда көріп қабылдауында әртүрлі деңгейдегі қиындықтар кездеседі. Мысалы, арнайы зерттеу барысында СТЖД үшінші деңгейдегі балалардың 84% заттың түрін, түсін және көлемін анықтауға бағытталған тапсырманы дұрыс орындағанымен де екі затты бірден қабылдауда салыстыруда, әріпті құрастыруда айтарлықтай қиындықтар туындағаны анықталды(З.А. Мовкебаева, И.Г. Денисова).

Көріп қабылдауын анықтауға бағытталған тапсырмаладың ішінде балалардың көпшілігінде қиындық тудырғаны “кеңістіктегі заттардың орналасуын” анықтауымен “не өзгірді” сынағы болды. Біздің пайымдауымызша ондай қиыншылықтар көру функциясына қарағанда, кеңістікті бағдарлау функциясының жетілмеуіне байланысты деп санауға болады. Көру гнозисін, көріп есте – сақтауын анықтауға бағытталған тапсырмаларды 75 – 88% балалар бірден дұрыс орындады. Яғни, көру гнозисінде қалыпты балалардан көп айырмашылық байқалмады.

Қимыл сферасын тексеру нәтижесі СТЖД балаларда қимылдық динамикалық үйлесімдігі қиындық тудыратынын көрсетті.

Сөйлеу тілі дамымаған балалардың қимыл сферасының кешеуілдеп дамуы тән. Олардың қимылдары баяу, нақты болмайды, қимыл үйлестігі жеткіліксіз. Ондай кемшіліктер әсіресе дене шынықтыру сабақтарында, сонымен қатар сөзбен айтылған тапсырмаларды орындауда, ілеспелі қимылдарды орындауда кезектігінің сақталмауы байқалады. Тапсырмаларды орындағанда өздерін бақылай алмайды. СТЖД балалардың көпшілігі жүргенде, жүгіргенде қимылдары епсіз, тез шаршағыш келеді, қимылды есте сақтауы төмен.

Мимикалық қимыл-қозғалысында келесідей ерекшеліктер кездеседі:

- Қимылы нақты, толық емес;
- Ерікті қимыл жасау барысында(қосымша қимылдар жасайды(ұрттың, еріннің, маңдайдың бұлшық еттері қатысады)).

Қолдың ұсақ моторикасының дамуында жеткіліксіздігі орын алады. Ондай балалар түймелерін салуда, шешуде қиналады. Әртүрлі деңгейде ұсақ моториканың кинематикалық және динамикалық жағының бұзылыстары байқалады. СТЖД балалардың артикуляциялық моторикасын тексеру нәтижесінде артикуляциялық аппараттың бұлшық еттерінің жұмысының жеткіліксіздігі, ілеспеуі, қосымша қимылдардың байқалуы анықталды.

Сондықтан сауат ашудың алғы шартының біріне жататын – моторикалық сферасы- оптикалық – кеңістік функциясын ерте анықтап, жетілдіру, түзету жұмысын жүйелі жүргізу қажет.

Сөйлеу тілі бұзылған балаларды сауат ашуға дайындау мәселесінің әртүрлі аспектілері көптеген зерттеулерде қарастырылады. Р.Е. Левина баланың жазуды меңгеруге дайындығын қалыптастыруды фонетика, лексика, грамматикасының өзара байланысының біріне бірінің әсер ету нәтижесі деп қарастырады.

Автор өзінің зерттеулерінде жазу процессін қалыпты меңгерудегі сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерінің сонымен қатар танымдық процесстерінің маңызын ашып көрсетіп, негіздейді.

Л.И. Ефименкова, И.Н. Садовникова жұмыстарында тіл бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарын алдын ала сақтандыру жұмыстарына және баланың сөзсіз функционаларын (ұсақ моториканы, естіп қабылдауын, есте сақтауын, көріп қабылдауын, кеңістікті бағалауын, т.б.) қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.

Т.Б.Филичева, Г.В.Чиркина сөйлеу тілінің фонетикалық – фонематикалық жағы жетілмеген балаларды мектепке дайындау барысында сөйлеу функциясымен қатар, танымдық процесстерін дамытудың қажеттілігін негіздейді. Авторлар сауат ашу әдістемесінің негізіне дыбыстың айтылу артикуляциясының күрделілігін алып, дыбыстарды өту кезектілігін ұсынады. Оқудың процесі бірнеше кезеңдерге бөлінген. Оқудың барлық кезеңінде артикуляцияны, фонематикалық қабылетін дамыту, дыбыстық – әріптік талдау, жинақтау жұмысы қатар жүргізіледі.

Г.А. Каше зерттеулерінде жазу мен оқудың бұзылуы мен сөйлеу тілінің дамуындағы ауытқудың байланысты екенін анықтап, мектепке дейінгі ерте жастағы балалардың сөздің дыбыстық және морфологиялық құрылымын талдауын дамыту арқылы сауат ашуда кездесетін қиындықтарын алдын – ала сақтандыруға болатынын дәлелдеді. Бұл жүйе баланың сөйлеу тілін қалыптастырумен қатар жазуда кездесетін қателерден алдын – ала сақтандыру принципіне негізделген Г.А. Кашенің әдістемесі сөйлеу тілінің дыбыстық жағы мен фонематикалық қабылдауы жетілмеген мектепке дейінгі 7 жас арасындағы балалармен жұмыс барысында кеңінен қолданылады.

Г.А. Кашенің әдістемесіндегі дыбыстар мен әріптерді өту кезектілігін негізге алып Т.А.Ткаченко сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды сауат ашуға оқыту жүйесін ұсынады.

Сауат ашуға оқыту жүйесі екі жылға есептелген – ересектер және дайындық топтарға . Бірінші жылы СТЖД балалардың әр дыбыс туралы түсініктері қалыптастырылып, дыбыстық талдау және жинақтау дағдылары жетілдіріледі. (әріптер өтілмейді)

Екінші жылы: - бірінші сабақтан бастап әріптерді өтеді;

- Дыбыстық талдау және жинақтау негізінде сөздің буындық құрамын меңгереді;
- Буындап оқу дағдылары қалыптастырылады.

Л.Ф.Спирова мен Р.И. Шуйфер сауат ашуға оқыту жүйесінде сөздің дыбыстық – буындық құрамын меңгеруге ерекше көңіл бөледі, әдістеме екі кезеңнен тұрады: дайындық және әліппе кезеңі.

Дайындық кезеңінде жалпы сөйлеу тілін (сөздік қорын, грамматикалық жағын, сөйлем құрау дағдысын) және дыбыс айтуын түзетуге бағытталған жұмыс жүргізіледі.

Әліппе кезеңі 4 кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің өз міндеттері анықталған. Негізгі жұмыс бағыттары:

- Дыбыс және әріптерді меңгеру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату;
- Сөздің дыбыстық – буындық құрамын талдау;
- кеспе әріптерден сөз құру;
- Көшіріп жазу, жатқа жазу;
- Кейбір жазу емшелерін меңгеру.

Сауат ашудың бұл жүйесі сөйлеу тілі жалпы дамымаған кіші бастауыш сынып оқушылары мен мектепке дейінгі СТЖД IV деңгей балалармен түзету жұмыс барысында қолдануға болады.

Н.В.Нищеваның мектепке дейінгі СТЖД балаларды сауат ашуға оқыту жүйесінің ерекшелігі оқыту процессінің орта топтан бастап жүргізілуі болып табылады. Орта топтан бастап балалар екі ашық буыннан тұратын сөздерді оқиды, дайындық тобында оған баспа әріппен жазу қосылады. Оқыту бірнеше кезеңге бөлінеді. Дыбыс әріппен бірге өтіледі. Оқытудың барлық кезеңінде фонематикалық талдау дағдысын қалыптастыру жұмысы жүргізіледі. Автор оқу мен жазудың бұзылуынан сақтандыруға ерекше көңіл бөледі.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды сауат ашуға дайындаудың кейбір аспектілері Қазақстандық авторлардың зерттеулерінде де қарастырылды. Қ.Қ. Өмірбекова мен В.С. Балқыбекова қазақ тілді СТЖД баланың мектепке дайындығына сөйлеу тілінің фонетикалық жағының қалыптаспауы әсерін тигізеді деп көрсетеді(2001). Мектепке дейінгі арнайы тәрбиелеу және оқыту процессінде СТЖД балалардың коммуникативтік дағдысын қалыптастырудың өзектілігі М.С.Грушевскаяның жұмыстарында қарастырылады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың мектепке дайындығының физикалық, интеллектуальдық және тұлғалық жақтарының әртүрлі деңгейлері, байқалатын қиындықтардың сипаттамасы және мектепке дейінгі жастағы СТЖД балаларды сауат ашуға оқытудың тиімді жолдары З.А.Мовкебаева зерттеу жұмыстарында қарастырылады.

Сонымен СТЖД балаларды сауат ашуға дайындау мәселесі бойынша қарастырылған шетелдік, отандық авторлардың ғылыми – тәжірибелік жұмыстарын талдау:

- СТЖД балалар сауат ашу дағдыларын меңгеруде әртүрлі қиыншылықтардың кездесетінін;
- Сауат ашуын меңгеруге көптеген факторлардың (ауызша сөйлеу тілінің жағдайы, сөзсіз функционаларының, танымдық процесстердің қалпі, т.б.) әсерін тигізетінін;
- Түзету – педагогикалық жұмыс барысында сөздің дыбыстық құрамын талдауға ерекше көңіл бөлу керектігін көрсетеді.

Сауат ашудың алғышарттарын дамытуға бағытталған жұмыс түрлерін қарастырайық.

Кеңістікті бағдарлауын қалыптастыру

Кеңістік пен уақыттың кезектілігін анықтауға арналған жаттығулар сөздің дыбыстық, буындық және морфемдік құрылымын талдауға негіз болады. Сонымен қатар уақыт туралы ұғымдарын дамыту сөз қорын белсендіруге және етістіктің шарттарын түсінуге ықпалын тигізеді.

Кеңістікті бағдарлау жұмысы өзара тығыз байланысты екі бағытта жүргізіледі:

- Өз денесін бағдарлау, оң – сол дене мүшелерін ажырату;
- Қоршаған кеңістікті бағдарлау;

Қоршаған бағдарлау жұмысын жүргізу барысында онтогенезде кеңістікті қабылдау және түсінігін ескеру қажет.

Алдымен бала оң – сол қолын білуі қажет, соның негізінде дене мүшелерінің оң солын айыра бастайды. Өз денесін бағдарлауын, анықтауын дамытуға тапсырмалар:

- Оң қолыңды (аяғыңды, көзіңді) көрсет;
- Сол қолыңды (аяғыңды, көзіңді) көрсет;
- Оң қолыңмен оң аяғыңды көрсет;
- Оң қолыңмен сол аяғыңды көрсет, (көзіңді, сол құлағыңды) көрсет;
- Оң қолыңды көтер;
- Сол қолыңды алға ұста;
- Қарындашты оң қолыңмен ұста;
- Допты сол қолыңа ал, т.б.;
- Басыңды солға, оңға бұр;

- Сол қолыңмен оң аяғыңды көрсет, (оң көзіңді, т.б.) көрсет;
- Алдымен өзіңнің оң қолыңды, сосын менің оң қолымды көрсет (логопед балаға қарсы тұрады);
- Қуыршақтың оң көзін көрсет;
- Қуыршақтың сол көзін (аяғын) көрсет;
- Суреттегі баланың (аяудың көзін, құлағын) көрсет;
- Солдан оңға қарай заттарды (кубик, үшбұрыш ойыншықтарды) орналастыру. Бұл тапсырманы әртүрлі вариантта орындауға болады. Алдымен ақ түсті, қызыл түсті кубиктерді орналастыру.

Ескерту: барлық тапсырмаларды орындау барысында не істедің деген сұрақ қойып дұрыс жауабын талап ету керек.

Кеңістікті бағдарлауға тапсырмалар:

- Оң қолды алға ұста;
- Алдында тұрған заттарды ата;
- Оң жағыңда тұрған заттарды атап шық;
- Сол жағыңда қандай заттар тұр;
- Артыңда қандай заттар тұр;
- Басыңды жоғары көтер, нені көрдің;
- Үстелдің үстінде не тұр?
- Сенің алдында кім тұр?
- Сенің артыңда кім тұр?
- Үстелге отырып оның оң, сол жағын табу;
- Үстелдің оң жағыңда, сол жағыңда отырған балалардың атын ата;
- Тақтаның ортасында ағаш суреттерді оның оң – сол жағына нұсқау бойынша орналастыру;
- Өзіңнің оң, сол жағыңда отырған көршілеріңді ата;
- Қарсы тұрған адамның схемасымен танысу. Оқушы тақтаға қарап тұрады да оң қолын көтереді, қалған балалар да оң қолын көтеру керек;
- Көтерген қолын түсірмей отырған балаларға бұрылып қарсы тұрады. Отырған оқушылар көтерген қолдарын салыстырады, қарсы тұрғанда оң солдың айырмашылығын анықтайды;
- Екі бала қарама – қарсы тұрып бір – бірінің оң – сол қолдарын (көздерін) көрсетеді;
- Суретте бала қай қолын көтеріп тұрғанын, бұлғап тұрғанын анықтау;
- Көйлектің, шалбардың оң, сол қалталарын көрсету;
- Кеңістіктегі алдымен екі, сосын үш заттың орналасуын анықтау. Кітап дәптердің қай жағында жатыр (оң, сол жағында ма?)

Жұмыс барысында әртүрлі фигуралар мен әріптердің орналасуын анықтау өте маңызды.

Тапсырмалар:

- Шеңберден кейін үшбұрышты қой;
- Төрт бұрыштан кейін нүкте қой;
- Нұсқауларды орындау; алдымен нүкте қой, нүктенің төменгі жағына шеңбер сыз, т.б.;
- Заттың оң жоқ, сол жағын көрсету.

Кеңістікті бағдарлауды жұмысын жүргізуде міндетті түрде кеңістікте білдіретін сөздерді түсінуге және белсенді сөз қорына енгізуге дұрыс пайдалануға көңіл бөлу қажет. Ондай ұғымдарға астында, үстінде, қасында, артында, ішінде, жанында, т.б. жатады. Алдымен оңға – солға ұғымдары қалыптасады, ондай жағдайда балалар өздері оңға – солға бағытталған қимыл – қозғалыстар жасайды. Жалпы кеңістікті білдіретін ұғымдарды қалыптастыруда жеңіл схемаларды пайдалану тиімді. Ол үшін мынадай тапсырмаларды қолдануға болады:

- Оқушы қимыл жасаған соң соған сәйкес схеманы табу. Мысалы, оқушы сол жаққа, оң жаққа қарай жүреді.




Схемада көрсетілгендей қимыл жасау. Логопед схема көрсетеді, бала жасайды.

Схемаға сәйкес суреттерді табу.


Біреудің істеген қимылының бағытын салып көрсету.

Қимыл бағытын нұсқау бойынша қағазға салып көрсету. Мысалы, машина оңға бұрылды, солға, т.б. Қарама – қарсы жүрді, таудан төмен түсті, жоғары көтерілді, т.б.


Мынандай графикалық схемаларды қолдануға болады:




төмен



қарама – қарсы



жоғары



үстінде

астында

қасында

Логопед кеңістікті білдіретін сөздерді айтады. Мысалы, астында, үстінде, төмен, т.б. бала соған сәйкес суретті схемамен табады.

Уақытты бағдарлау

Негізгі жұмыс бағыттары: уақыт, өлшемі туралы негізгі түсінігін анықтау, адамның жас мөлшері, әр түрлі іс – әрекеттің, болған оқиғаның кезектілігін бақылау және анықтау, сөз қорын молайту, белсендіру.

Тәулік

Тәуліктің әр кезеңіндегі тамақтану қалай аталады (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас)

Тәуліктің схемасын құрастыру. Мысалы,

таңертең	түс
түн	түс


Мына сөздерді пайдаланып: кешке, түсте, күндіз, кешке, түнде, сосын ерте, кеш, т.б. сөздерді пайдаланып оқушының күн тәртібін әңгімелеп беру.

Уақыт түсінігін білдіретін сөздерді меңгеруін тексеру. Мысалы, сен таңертең алдымен тамақ ішіп сосын бетінді жуасың ба? т.б.

Апта

Апта аттарын атау.

Таблица бойынша апта күндерін атау.



Апта аттарын атау.

Апта аттарын жазылған карточкалар (немесе белгілерді) реттеу.

Текстті тыңдап, нүктенің орнына керекті сөздерді толықтырып айту.

Түн мен күн

- Сенің атың түн бе? – деп сұрады Күн
- Менің атым түн.

- Ертең сені қалай атайды?
- Қалай атаушы еді. Ертең де Түн деп атайды.
- Кеше сені қалай атады?
- Кеше де түн деп атады.
- Ал менің атым бүгін Сәрсенбі.
.... Кеше сейсенбі деп атады
.... Бейсенбі деп атайды
- Керекті сөздермен толықтырып сөйлемді толық айту.
Мен ... кітап оқыдым.
Мен ... кітап оқимын.
Мен ... кітап оқып отырмын.
- Цифрлардың орнына апта атын атау

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

3	4	2	1	7	5	6
---	---	---	---	---	---	---

Жыл мезгілі

- Жұмбақ шешу.
Қар жауды.
Күн суытады.
Мұз қатты.
Бұл қай кезде болады?
Қар ериді.
Күн жылынады.
Құстар ұшып келеді.
Бұл қай кезде болады?
- Таблицаны дұрыс толтыр.

Күн ысиды.
Жаңбыр жауады.
Шөп шабады.
Бұл қай кезде болады?
Жаңбыр жауады.
Жеміс піседі.
Жапырақтар түседі, сарғаяды.
Бұл қай кезде болады?

		жаз	
жаз			
	жаз		
			жаз

- Сурет бойынша жыл мезгілін атап, әңгімелеп беру.
 - Суреттерді жыл мезгілінің кезектілігімен реттеу.
 - “Дұрыс па, бұрыс па?” ойыны
- Логопед сөйлемді айтады, дұрыс болмаса бала алақанын ұрады.

Логопед: Жазда шаңғы тептім.
 Жазда суға шомылдым.
 Қыста гүл тердім.
 Көктемде егін ордық.
 Күзде алма жинадық, т.б.

Айлар

- Жыл мезгіліне байланысты ай аттарын атау.
- Сюжетті суретіне қарап жыл мезгілдерін анықтап, әңгімелеу.
- Кесте толтыру.

Логопед ай аттарын ретсіз атайды.

Балалар керек бағанға жазады.

қыс	көктем	жаз	күз

- Ай аттарын жазылған карточкаларды реттеп, айту.

Отбасының жас ерекшелігі.

- Туыстық ұғымдарды, қарым – қатынасты түсіну.

Ата – әкемнің әкесі

Әке – атамның баласы

Нұрлан – әкемнің баласы

– атамның немересі

– Ерланның ағасы

– Айдостың інісі

Әже – әкемнің шешесі


- “Кім үлкен, кім кіші” ойыны.


Мұрат Ерболдан үлкен, ал Болат кіші

Кім үлкен?

Кім кіші?

- Схемадағы суреттер бойынша туыстық қатынастарды атау.





- Өз отбасы туралы әңгімелеу. Әңгімеде мына сөздерді қолдану керек: апа, ата, әже, әке, аға, іні, қарындас, үлкен, кіші.
- “Ойлан тап” – ойыны.

Сымбат 5 жаста. Ол Самғаттан 4 жас кіші, Талғаттан 2 жас үлкен, кім кіші?

Көріп қабылдауын және тануын қалыптастыру

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылған балаларда көріп қабылдау, көргенін есте сақтау оптикалық ұқсас формаларды ажырату қиындықтары кездеседі. Бұл қиыншылықтарды түзету жұмысы мынандай бағыттарды жүргізіледі:

- көріп қабылдауын және танымын қалыптастыру;
- көріп есте сақтауын дамыту;
- көріп талдау және жинақтауын дамыту;

Заттарды көріп тану және қабылдауын дамыту үшін төмендегідей тапсырмаларды пайдалану қажет:

- контурмен бейнеленген заттарды атау;
- контурмен бейнеленген бірінің үстіне салынған немесе сызылған заттарды танып атау.

Алдымен ондай тапсырмалар заттарды танып қабылдауға беріледі, содан соң сондай тапсырмаларды әріптерді танып, қабылдауға беріледі.

- Бір әріпті басқа әріптердің арасынан табу;
- Әр түрлі шрифті (баспа, жазба) әр түрлі көлемде берілген әріптерді салыстыру, тану.

Мысалы, А А а а
 Бб б б
 Г г г Г

- Балаға таныс үсті сызылған әріптерді оқу.
- Қисық орналасқан әріптерді оқу.
- Бірінің үстіне бірі түскен әріптерді оқу.

А Б З П А О

Ұ О Ә Қ Ң

- Контур бойынша әріптерді жазу (үстінен жүргізу).


Көріп есте сақтау

Тапсырмалар:

- “не жоғалды” ойыны.
- Үстел үстіне бірнеше зат (ойыншық) қояды. Балалар қарап естеріне сақтау керек. Сосын байқатпай біреуін алады. Балалар қандай заттың жоқ екенін табу керек.
- Логопед бірнеше суреттер (заттар, әріптер, цифрлар) көрсетеді. Бала соның 3 – 4 есте сақтап көп заттың ішінен соларды таңдап алу керек.
- “не өзгерді” ойыны. Адам заттардың орнын ауыстырып қояды, балалар не өзгергенін табу керек.
- Тақтаға бірнеше сурет қояды. Содан соң суреттер алынып тасталады. Балалар сол реттен қайта қою керек.
- Нұсқау бойынша әріпті (фигураны, цифрды, суретті) ретімен қою.

Логопед: 3, 5, 9, 2

□△∞



Ө Ң Қ Т Ш т.б.

Тапсырмаларды орындау барысында орындаған тапсырмаларды сөзбен айтып, ойын толық жеткізуге көңіл бөлу керек.

Көріп талдау және жинақтауын дамыту

Бұл бағыттағы жұмыс кеңістікті бағдарлауын әсіресе әріптің графикалық элементтерінің кеңістікте орналасу, әріптердің ұқсас және айырмашылығын анықтаумен тығыз байланысты жүргізіледі.

Тапсырма түрлері:

- Сурет, контур бойынша заттың бөлшектерін анықтау. Мысалы, орындықтың арқасын, машинаның кабинасын, ұшақтың қанатын, т.б.
- Әр түрлі формаларға ұқсас заттарды іріктеу. Мысалы, төртбұрышқа, шеңберге, үшбұрышқа ұқсайтын заттарды берілген суреттерден табу. Суреттер: телевизор, алмұрт, доп, үстел, дәптер, т.б.
- Қиылған суреттерді жинақтап құрастыру (үлгі бойынша немесе өз бетімен жинақтау)
- Ұқсас әріптерді табу

Г К У Р С

- Кестеден табу.

Ла	ЛМ	в з	Ұ Ү
Ы	г т	н п	у а
Цц	х у	и п	ә т
Жх	ш щ	о р	н ң
- Фигураны немесе әріпті берілген үлгі бойынша салу.
- Таяқшалардан, сіреңкенің шиінен әр түрлі фигураларды, әріптерді құрастыру. Бұл жұмыс түрлерін төмендегідей кезектілікпен жүргізу қажет.
 - Үлгі бойынша;
 - Алдымен көрсетіп, содан соң еске сақтап құрастыру;
 - Нұсқау бойынша құрастыру.
- Керісінше бейнеленген әріптердің арасынан дұрысын табу.
- Үлгі бойынша фигураның жетіспеген элементін толықтыру.
- Өз бетінше заттың жетіспеген элементін толықтыру.
- Әріптің жетіспеген элементін толықтыру:
 - үлгі бойынша есте сақтап;
 - өздігінше (түсінігі бойынша);
 - нұсқау бойынша.

Мысалы, (Б) әріпін толықтыру

С(е) (з) (р) (ю), т.б.

- Элементтерді өзгертіп бір әріптен екінші әріпті жасау:
 - р дан – в; - в; т.б.
- Элементтері бірдей, кеңістікте орналасу айырмашылығы бар әріптерді, фигураларды ажырату.
 - Р – б, г – т, и – п

Баланың сукцессивтік қабілетін дамыту.

Сукцессивтік қабілетті дамытуға арналған жаттығулар қимыл, кеңістік, уақыт, сөйлеу кезектілігін есте сақтап, жоспарлап іс жүзінде іске асыруға бағытталады.

Қимыл кезектілігін есте сақтап жоспарлауға жаттығулар:

- Әртүрлі кадамдық (2-3-4-5) нұсқауларды орындау.

Есте сақтау (сөзбен берілген нұсқауды), сүйеніш белгілері бойынша. Мұндай жаттығуларды бөлмеде, аулада, қағазға сызып ойын түрінде өткізуге

болады. Мысалы, “Адасқан балаға жол табуға көмектесейік” ойыны. Оған нұсқау беріледі. Алдымен солға жүрсең, онда үй тұр, үйден тура жүрсең көпірден өтесің, көпірден төмен жүріп жолға шығасың, т.б.

“Телефон” ойыны. Егер бала цифрларды танымаса геометриялық фигуралармен белгілеуге болады. Белгілі бір кезектілікті еске сақтап бала телефон соғуы керек. Логопед, 24765, немесе ΔО□ОΔ. Кеңістік кезектілігін қайталау талдау дағдыларын дамыту үшін әртүрлі ойын тәсілдерін қолдануға болады. Тапсырмалар алдымен үлгі бойынша, содан соң есте сақтап орындалады.

- Түрі, формасы әр түрлі моншақтары жинау;
- “Не өзгерді” 3-6 заттың ретіндегі өзгерістерді анықтау;
- Карточкалардың ішінен бірдей карточкаларды табу;
- Қай зат қалай тұрғанын есте сақтап, дәл солай орналастыру. Жас ерекшелігіне, жеке басына т.б. байланысты заттар саны алынады. (3-6)

Уақыт кезектілігін анықтап еске, еске сақтауға жаттығулар:

- Үлгі бойынша немесе схема бойынша әртүрлі ритмдерді қайталау.
- “Таңғы зарядка” 3-6 дейін жаттығуларды қайталау.
- Тәулік, апта, жыл мезгілінің кезектілігін анықтап еске сақтауға бағытталған әртүрлі тәсілдер мен ойын түрлері.
- Сериялы сурет кезектілігін анықтап әңгімелеу. Сөйлеуде кезектілікті анықтап сақтауға жаттығулар:
- “Білмеске көмектесейік” ойыны. Кезектілігін анықта.
- “Қатесін түзейік” ойыны. Сөйлемдегі сөздің ретін анықтау.
- Сөздерді есте сақтау.
- “Шалқан”, “Бауырсақ” ертегілеріндегі кезектілік.
- “Қосып қайтала” ойыны. Бала бір сөз айтады 2-ші бала ол сөзді қайталап өзінің сөзін қосады, 3-ші бала екі сөзді қайталап өзінің сөзін қосады. Ойын солай жалғаса береді қателескен бала ойыннан шығады.
- “Шатаспаймын” ойыны. Бала (10 – 20 ға) шейін санау керек. Бірақ әр екі саннан кейін “шатаспаймын” деген сөзді қосып отырады. Мысалы, 1,2, шатаспаймын, 3, 4, шатаспаймын, т.б.

Зейін дамыту, шоғырландыруға жаттығулар:

Көз айырмай құрлысқан сызықты басынан аяғына шейін бақылау. Ол үшін “Қоян сәбізге қалай жетеді”, “Кім кіммен телефонмен сөйлеседі”, т.б. ойындар.

Бірдей суретті (фигураны, санды) табу.

Δ	О	□	О	Δ
---	---	---	---	---

□	О	□	□	О
□	Δ	О	Δ	□

- “Кім тез, дұрыс санайды” цифрларды тауып ретімен санап шығу.

2	3	11	4
6	8	5	7
9	10	1	12

- Алфавит ретімен әріптерді тауып атау.

а	г	д	в	з
ж	и	б	к	о
л	п	м	п	р

- Бір түсті әріптерді ғана тауып, атау. Әріптер әр түспен беріледі.

- Тек бас әріппен жазылған әріптерді тауып атау.

Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар мен тапсырмалар:

- Ұсақ заттарды (түйме, бұршақ, күріш, т.б) жинау;
- Аяқ киімнің бауын байлау;
- Картон қағазға геометриялық фигураларды жапсырып (әріпті, цифрды) қыстырғыштағы фигураны тауып қыстыру;
- Бұршақтан сурет салу, қағазға әртүрлі фигуралар салып, үстіне бұршақты жапсыру.
- Мозаика. Түрлі түсті қағазды бала ұсақтап жыртып, соларды қағазға желімдеп мозаика құрастырады.
- “Қоршау”. Бала қағазға горизонталды сызықтар сызған сайын буын немесе сөз айтады.
- Квадрат сызып, оның оң жағына бір нүкте қою, сол жағына екі нүкте қою.
- Текшені қағаз бетінің ортасына қою, оның жоғарғы жағына шеңберді, төменгі жағына квадратты қою.

- Логопедтің қимылдарын (саусақты ашу, жабу, т.б.) қайталау.
- Траффарет бойынша бойынша сурет салу, бояу.
- Сіреңкенің шиінен үй салу.
- Көңілді қарындаштар. Әр түсті қарындаштарды алдымен оң қолымен сол қолының уысына, содан соң, сол қолымен оң қолға жинау.
- Лабиринт. Сызылған лабиринттің үстімен саусағымен жүріп шығу. Қимылды сөз, сөйлемді айтумен қоса жүргізуге болады.
- Екі қолмен бірдей сурет салу (әріп, цифр жазу).
- Мотор. Жұдырықты түйіп қойып айналдырамыз. Алдымен оң қолды, сосын сол қолды, сосын екеуін бірдей.

Сонымен қатар ұсақ моторикасын дамыту барысында (апликация) жабыстыру, құрастыру, штрихтау, оригами, сурет салу, қайшымен жұмыс түрлері кеңінен қолданылады.

Қорытынды

1.Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен (IV деңгей)түзету-педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың ғылыми –әдістемелік негіздер"тақырыбы аясында көзделген мақсат міндеттері толық орындалды.

2.Зерттеу нәтежесінде алынған деректер мен мағлұматтардың жалпы бағыты арнайы әдебиеттердегі деректерге сәйкес келеді.

3.Зерттеу жұмысының негізгі бағыттары бойынша:

-Заманауи арнайы әдебиеттердегі деректерді ескере отырып сөйлеу тілінің дамуының IV деңгейдегі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы суреттелді;

- IV деңгейдегі балаларды жалпы тексеру әдістемелері жүйеленіп,толықтырылды.

-Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып СТЖД балалармен жүргізілетін дыбыс айту сабақтарында дыбыстарды оқыту кезектілігі анықталды;

-Алғашқы рет сөйлеу тілінің лексикалық –грамматикалық жағын дамыту жұмысының мазмұны анықталды,атап айтсақ СТЖД балаларға қолжетімді сөзжасам жұрнақтарының түрлері жүйеленіп,ұсынылды;

-Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру,дамытудың кейбір тиімді тәсілдері іріктеліп негізделді;

-5 – 6 жастағы СТЖД балалардың сауатын ашуға қажет алғышарттарының жағдайын анықтауға бағытталған жеке зерттеулер жүргізіліп, алынған деректерге сандық, сапалық талдау жасалып, қорытындыланды; Зерттеу нәтижесінде алынған мағлұматтар логопедиялық жұмыс мазмұнын анықтап жүйелеуге ескерілді

-СТЖД балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыс бағыттары бойынша тапсырмалар, жаттығулар, ойын түрлері, сабақ үлгілері құрастырылды;

-СТЖД балалармен жүргізілетін түзету жұмыс бағдарламасы дайындалды;

-СТЖД балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру"тақырыбына әдістемелік құрал дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Левина Р.Е. Основы теории и практики логопедии.М.,1969.
- 2.Филичева.Т.Б. Дети с общим недоразвитием речи: Учебно – методическое пособие для логопедов и воспитателей.М. «Гном - пресс» 1999-80 б.
- 3.Жукова.Н.С. Мастюкова.Е.М. Филичева.Т.Б. Преодоление ОНР у дошкольников.М.1990 – 239 б.
- 4.Ефименкова.Л.Н. Формирование речи у дошкольников (Дети с ОНР) Пособие для логопедов.М.,Просвещение.1981 – 112 б.
- 5.Филичева.Т.Б. Чиркина Т.В. Подготовка к школе детей с общим недоразвитием речи в условиях специального детского сада.Программа М.,1991
- 6.Нищева.Н.В.Система коррекционной работы с детьми в логопедической группе с ОНР.
- 7.Өмірбекова.Қ.Қ. Балқыбекова.В.С. Состояние фонетической стороны речи детей – казахов с ОНР.Вопросы теории и практики психологии и педагогики – Алматы АГУ им Абая.1999.с 38 – 42.
- 8.Ибатова.Г.Б.ЖСТД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамының жағдайы.Хабаршы «Арнайы педагогика» № 1 – 2,2013 .12-15б.
- 9.Төлебиева Г.Н. Мектеп жасына дейінгі ЖСТД балалардың фонетикалық – фонематикалық түсініктерін дамыту.Хабаршы «Арнайы педагогика» №1 –2,2013.
- 10.Балқыбекова.В.С. Формирование произношении у детей – казахов с общим недорозвитием речи.Вестник АГУ им Абая серия «Психолого – педагогические науки » №4 – 2001.с 58 – 63 .
- 11.Лубовский.В.И. Психологические проблемы диагностики аномального развития детей – М., Педагогика 1989. – 104 б.
- 12.Петрова.В.Г. Психология умственно отсталого ребенка.М.,2001.
- 13.Каше Г.А. Подготовка к школе детей с недостатками речи. – М.,Просвещения 1985.
- 14.Спирова Л.Ф.Особенности звукового анализа у детей с недостатками речи – М.,1954.
- 15.Баймуратова Б Овладение родной речью детьми казахами младшего дошкольного возраста. Автор реф.дисс.канд.пед.наук Алматы 1970.
- 16.Абуов Ж. Сингормонические основы восприятия речи дисс.докт.фил.наук.Алматы 1998.

17. Филичева Т.Б. Чиркина Г.В. Коррекционное обучение и воспитание детей пятилетнего возраста с ОНР. М., 1991.
18. Прищенкова И.В. Османова Г.А. К вопросу об изучении предпосылок усвоению орфографии у детей с общим недоразвитием речи. Коррекционная педагогика: Проблемы теории и практики - Санкт – Петербург 2007. 197 с.
19. Денисова И.А. Проектирование коррекционного курса языковой грамотности и предупреждения дизорфографии - Алматы. ПНПЦ КП. 2009-96 б.
20. Мовкебаева З.А. Готовность детей с общим недоразвитием речи к школьному обучению. Алматы 2009

Қосымша

№1. СТЖД (IV деңгей) балалармен жүргізілетін түзету жұмыс бағдарламасы.

Кезеңдер	Жұмыстың негізгі мазмұны
I жартыжылдық (9 – 12 ай)	<p style="text-align: center;">Сөйлеу тілінің дыбыс айтуын жетілдіру</p> <p>Бала айта алатын дыбыстардың(дауысты, дауыссыз) анық айту дағдысын бекіту (а, у, ә, м, п, о, к, қ, н, и, ы). Көрнекілік сызба белгілерге сүйене отырып сақталған дыбыстарды айтуда, естуде, ажырата білу біліктілігін қалыптастыру. Бұзып айтатын дыбыстарды түзету (л, з, с, ц, ш, ж, ч, щ, р, т.б.). Ұқсастығы бойынша (дауысты – дауыссыз, ұяң – қатаң, ысқырық – ызың, жуан - жіңішке) дыбыстарды ажырату біліктілігін дамыту.</p> <p>Дыбыстардың дұрыс айтуын буында, сөзде, сөйлемде, мәтінде бекіту.</p> <p>Ашық, жабық буынды дауыссыздар қатар келетін көпбуынды сөздерді айтуға жаттықтыру.</p> <p>Буындық құрамы күрделі сөздерді ауызша байланыстырып сөйлегенде қолдану (құрлысшы, қарлығаш, велосипед, өртсөндіруші, т.б.).</p> <p>Сөйлеудің ырғақтылығын, жылдамдығын, әуезділігін дұрыс қолдануға тәрбиелеу.</p> <p style="text-align: center;">Сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағын дамыту</p> <p>Жаңа мәтіндерді өту барысында сөйлеу қорын толықтыру, молайту (көрме, театр, музей, құрлысшы, ғарыш, мемлекет, т.б.).</p> <p>Сөзжасам дағдыларын белсендіру: Қос сөзден тұратын сөздерді қолдану(балмұздақ, шаңсорғыш, мұздатқыш, елбасы). Сөз өзгерту құрылымына сүйеніп сөздің мағынасын</p>

түсіндіру(шаңсорғыш – шаңды соратын аппарат, футболшы – футбол ойнайтын спортшы).

Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақтарды пайдаланып сөздерді өзгерту:

шы – хатшы, суретші;

хана – асхана, емхана, кітапхана;

кер – гер – дәрігер, заңгер, қызметкер;

дас – дос – құрдас, жәрлес;

Сын есімнің еркелету және кішірейту мағынасын тудыратын жұрнақтады қолданып сөз өзгерту.

шік, шың – үйшік, қапшық, көлшік

ша, ше – кітапша, қобдиша, кілемше

тай, жан – ағатай, ағажан, апатай, Мұратжан

Бір грамматикалық категориядағы сөздерді басқа категорияға өзгерту:

би – биші

би – билеу

Әртүрлі мағыналы сын есімдерді қолдану (биік үй, зәулім үй, үлкен үй)

Сын есімнің салыстырмалы түрлерін құрастыруға, қолдануға үйрету (көп – көбірек, кіші – кішірек, жылдамырақ, биіктеу)

Құрылымы күрделі сын есімдерді қолдану (қара-ала бұзау, кішігірім қала, т.б.)

Әртүрлі сөз таптары бойынша антоним сөздерді табу және қолдану дағдысын жетілдіру, күрделендіру:

Бар – барма

Қаш – қашпа

Аш – жап

Кір – шық

Таза – кір

Жуан – жіңішке

Биік – аласа

Ақ – қара

Кию – шешу

Синоним сөздерді тауып, ауызша сөйлеу тілінде қолдануға үйрету (батыр, ержүрек, батыл)

Сөз тіркестерінің ауыспалы, көп мағынасын түсіну және түсінгенін айтып беру (қолы алтын, ақкөңіл)

Байланыстырып сөйлеуін дамыту

	<p>Заттың ұқсамайтын белгілерін тауып айту дағдыларын бекіту, сол белгілеріне сүйене отырып жұмбақтар құрастыру.</p> <p>Заттарды салыстырып сипаттау дағдыларын жетілдіру; сипаттап әңгіме құрастыру, ұқсас сөздерден ұйқастырып сөз тіркесін құрау</p> <p style="padding-left: 40px;">шақ – шақ – шақ кісінейді құлыншақ қуыршақ құлады құлады да жылады</p> <p>Берілген сөздерден сөйлем құрау. Кезекпен берілген оқиға бойынша әңгімелеу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Сөйлемге тұрлаулы мүшелерді қосу арқылы сөйлемді ұлғайтуға жаттықтыру.</p> <p>Мазмұнның арасындағы себеп – салдар мен уақыт байланысын талдауға үйрету.</p> <p>Сурет бойынша әңгіме құрастыру (сұраққа, көрнекілік графикалық жоспарға сүйеніп)</p> <p>Ілеспелі сурет бойынша әңгіме құрау, тақпақ, жаңылтпаш жаттау, суретке, сұраққа, жоспарға сүйене отырып әңгіменің, ертегінің мазмұнын айту дағдысын жетілдіру.</p> <p>Шығармашылық элементтерін қосып, өзгертіп әңгіме құрастыруға үйрету.</p> <p style="text-align: center;">Жазу мен оқудың қарапайым дағдысын меңгеруге дайындау.</p> <p style="text-align: center;">Ерікті зейінін, естіп есте сақтауын дамыту.</p>
	<p>“Дыбыс”, “буын” ұғымдарын бекіту.</p> <p>Дыбыстарды ажырату дағдысын жетілдіру:</p> <p>“сөйлеу” және сөзсіз дыбыстарды, дауысты – дауыссыз, қатаң – ұяң, жуан – жіңішке, сонымен қатар дыбыстың жасалу орны мен тәсілі бойынша ажырату</p> <p>Сөздің басындағы дауысты дыбысты бөліп айту дағдысын қалыптастыру (а - алма)</p> <p>Екі – үш – төрт дауысты дыбыстан тұратын дыбыс қатарын талдауға үйрету.</p> <p>Сөздегі соңғы дауыссыз дыбысты бөліп айту дағдысын қалыптастыру</p>

	<p>Сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты бөліп айтуға үйрету (қас)</p> <p>Дауыссыз дыбыстан кейінгі дауысты дыбысты бөліп айту дағдысын қалыптастыру (буында, сөзде)</p> <p>Ашық буындарды талдау және жинақтау (са, пә)</p> <p>Дұрыс айта алатын дыбыстардың әріп белгісімен таныстыру (а, о, ә, у, ө, ы, п, т, к, л, м).</p> <p>Сабақта өтетін дыбыстың саны мен кезектілігін баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты логопед өзі анықтайды; сол әріптердің оптикалық – кеңістік және графикалық белгілерін талдауға үйрету. Кеспе әріптерде алдымен жабық, сосын ашық буындарды талдауға үйрету. Буынға дыбыстық – әріптік талдау және жинақтау жасауға үйрету.</p> <p>Баланың оптикалық – кеңістік бағдарлауын дамыту.</p> <p>Графикалық – моторлық дағдыларын дамыту.</p>
<p>II жартыжылдық (I – V айлары)</p>	<p>Сөйлеу тілінің дыбыс айту жағын жетілдіру</p> <p>Қойылған дыбыстарды ауызша сөйлеу тілінде бекітуін жалғастыру.</p> <p>Ұқсас дыбыстарды (р-л), (с-ш), (ш-ж), т.б. естуде және айтуда ажырата білу дағдысын дамыту; дыбыс айтудың нәзік түрлерін қалыптастыру (т-т', ш-щ, т-с-ц, ч-щ, т.б.).</p> <p>Өзінің және басқалардың сөйлеуінің фонетикалық жағының дұрыс айтылуын талдауға үйрету.</p> <p>Бұзып айтылатын дыбыстарды түзетуін жалғастыру (р, р', ч, щ).</p> <p>Дыбыстық құрамы күрделі сөздерді дұрыс айтуын жетілдіру.</p> <p>Сөйлеу тілінің жылдамдығын, әуезділігін, мәнерлігін дұрыс пайдалануға тәрбиелеу жұмысын жалғастыру.</p> <p>Лексикалық – грамматикалық құралдарын дамыту.</p> <p>Лексикалық тақырыпарға сүйеніп сөздің мағынасын анықтау, молайту.</p> <p>Сөз жасалу процесстерін белсендіру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Күрделі сөздердің мағынасын түсіну және қолдану (кемпірқосақ, қосаяқ, өртсөндіруші, т.б). - Кішірейтіп – еркелетіп және үлкейту мағынасын білдіретін сөздерді түсіндіру және қолдану, қай – қан, шақ – шек, дай – дей жұрнақтарын пайдаланып

сөздерді өзгерту (бала – балақай, балақан; құлын – құлыншак; көл – көлшік; тау - таудай).

- Сын есім тудыратын жұрнақтарды пайдаланып сөздерді өзгерту:

сыз – сіз (сусыз, жұмыссыз)

ті – ды (күшті, жауынды)

шақ – шек (мақтаншақ, еріншек)

уық – уік (жылауық, тістеуік)

аған – еген (қабаған, сүзеген)

- Зат есім тудыратын жұрнақтарды қолданып сөз өзгерту:

ма-ме, ба-бе, па-пе (аялдама, баспа, сүзбе)

қыш-кіш, ғыш-гіш (жапқыш, сыпырғыш)

уыш-уіш (тырнауыш, өлшеуіш)

Жалпылама ұғымдарды білдіретін сөздерді қолдану (аяқкіім; қысқы, жазғы).

Ауыспалы мағыналы сөздерді ауызша сөйлеу тілінде қолдану, түсіндіру (ақсақал, ұялғаннан жерге кіріп кетті, т.б.)

Синоним сөздерді табу (әдемі, сұлу, әсем, сүйкімді, көркем), сол сөздерді ауызша сөйлеуде қолдану.

Сын есімнің салыстырмалы түрлерін түсіну, қолдану:

Жылдам – жылдамырақ

Биік – биігірек

Ыстық – ыстығырақ

Түбірлес сөздерді түсіну, қолдану (балапанның аяғы, үстелдің аяғы)

Септік, жіктік жалғаулардың мағынасын түсіну дұрыс қолдану (әжеме, әжеммен барамын, сіз отырыңыз, сіздер отырыңыздар).

Байланыстырып сөйлеуді дамыту

Әңгімені бөлімге бөлу, олардың арасындағы себеп – салдарын, уақыт байланысын анықтау дағдыларын бекіту.

Сөйлемге тұрлаусыз мүшелерді қосу арқылы сөйлемді кеңейту дағдысын жетілдіру.

Ертегі, әңгімелердің мазмұнын айту дағдысын жетілдіру жұмысын жалғастыру:

- Сөйлемдерді кеңейту;
- Эпизодтар қосу;
- Ой-пікір элементтерін, мазмұнына жаңа бөлімдер қосу;

Тақпақ, жаңылтпаштар жаттау.

Сипаттама – әңгімелелер (бір затты, екі затты салыстыру) құрастыру дағдысын жетілдіру.

Сурет, ілеспелі сурет бойынша әңгіме құрастыруын жетілдіру жұмысын жалғастыру.

Ұйқас сөздермен сөз тіркестерін, сөйлем құрау.

Кейбір оқиғаларды, құбылыстарды жанжақты сипаттау, кейіпкерлердің іс – әрекеттерін кезектілікпен баяндап толық әңгіме құрастыру дағдысын жетілдіру.

Оқу мен жазудың қарапайым
дағдыларын меңгеруге дайындау.

Оптикалық – кеңістік бағдарлауын дамытуды жалғастыру

Графикалық – моторлық дағдыларын жетілдіру

Дыбыстарды сипаттайтын ұғымдарды бекіту; “қатаң”, “ұяң”, “жуан”, “жіңішке”

Бұрын өтілген әріптерді жазу дағдысын бекіту. Артикуляциясы немесе айтылуы бойынша ұқсас дыбыстардың әріп белгісімен таныстыру.

Өтілген әріптердің оптикалық – кеңістік белгілерін бекіту, оларды ажырату дағдысын қалыптастыру.

Сөздерді бұрынғы болу дағдысымен дамытуын жалғастыру.

Көрнекі графикалық сызбаларды қолданып сөздің дыбыстық құрамын талдау және жинақтау операцияларын қалыптастыру (мата, қол).

Аналитикалық – синтетикалық (талдау - жинақтау) әдеті бойынша буындар мен сөздерді оқуға үйрету.

Буындардан сөздерді (дала, мата)жазу дағдысын қалыптастыру.

Буындық құрамы күрделілек сөздермен таныстыру (қасқыр, тырна), оларды талдауға, кесте әліппеден құрастыруға, оқуға, жазуға үйрету.

Сөзден буындағы әріптерді алмастыру, қосу немесе алып тастау арқылы буынды, сөзді өзгерту дағдысын қалыптастыру (су – шу, түлкі – күлкі, ана - шана).

Сөйлемді сөздің санын, кезектілігін анықтауға үйрету.

	Кесте әріптерден сөйлем құрап оны оқуға үйрету. Қысқа мәтіндерді жылдам, саналы түрде буындап оқу дағдысын қалыптастыру.
--	---

№2. Сабақ үлгілері

- Тақырыбы: Менің елім – Қазақстан
- Мақсаты: - байланыстырып сөйлеуін дамыту. Диалогтік сөйлеу тілін бектіу;
- туған елге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
- есте сақтау, ойлау қабілетін жетілдіру;
- фонематикалық қабілетін дамыту.
- Көрнекіліктер: Суретшілердің отан тақырыбы бойынша суреттері (репродукциялары), дәптер, қарындаш, “Атамекен” өлең касетасы.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Отан, Қазақстан туралы тақпақ, өлеңдерді жатқа айту
3. Отан тақырыбына әңгімелесу
Біз керемет кең – байтақ үлкен елде тұрамыз. Елімізде көптеген ұлттар тұрады. Әр адам сияқты, еліміздің де аты бар. Еліміз қалай аталады? Кім біледі? Біздің ел – Қазақстан!
4. Отан туралы қазақтың ақындарының өлеңдерін тыңдайық. Жарасқан Әбдірашев Отан туралы былай дейді:

Отан
Отан – атам,
Отан – әкем!
Осы сөзім қате ме екен?!
Қате болса,
Неге біздер
Дейміз оны – Атамекен?!
5. Тағы бір ақын аталарыңның өлеңін тыңдайық.

Туған өлкем
Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем

Өтебай Тұрманжанов аталарыңның өлеңін тағы бір рет тыңдап ақын елімізді сипаттайтын сөздерді естеріңе сақтап айтып беріңдер. Қандай сөздермен сипаттайды? (сұлу, көркем)

6. Өлеңдегі “С” дыбысы бар сөздерді атаңдар.
7. Репродукцияны көрсетіп “Атамекен” әнін тыңдату. Өлең не туралы?
8. Біздің отанымыз Қазақстан қандай?

Қазақстанды сипаттайтын сөздерді табайық.

сүйікті	көпұлтты
кең – байтақ	сұлу
бай	таулы

(Логопед сұрақ қою арқылы сөз қорын белсендіреді)

9. “Басқаша айт” ойыны (синоним табу).
Үлкен – кең, кең-байтақ, шексіз;
Жақсы – сұлу, сүйікті;
Отан – ел, өлке, атамекен, туған ел.
10. “Телефон” ойыны. (Түбірлес сөздерді еске түсіру).
Отан – отаншыл, отандық (өнімдер);
Ас – Астана, асхана, аспаз, астаналық.
11. “Туған өлкем” әңгіме құрастыру.
12. Өлеңді жаттау (үйге тапсырма).

№3. Сабақ үлгілері

- Тақырыбы: С – Ш дыбысы мен әрпі
- Мақсаты: - дыбыстық – буындық құрамы күрделі сөздерде дыбыстарды дұрыс айту, ажырату;
- зат есімнің мамандықтарды білдіретін түрлерін өзгертуге жаттықтыру;
- күрделі сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту;
- фонематикалық талдау жинақтау дағдысын жетілдіру;
- оқу жазу дағдыларын қалыптастыру.
- Көрнекіліктер: С – Ш дыбыстары кездесетін суреттер, сюжетті суреттер, кестелер мен схема құрауға қажет топтама.

Сабақ барысы:

1. Өлеңді тыңдап ондағы С – Ш дыбысы бар сөздерді атаңдар.
Пеш қасында мысық отыр

Екі көзін қысып отыр
Тышқан етін жегісі кеп
Оның тісі қышып отыр.

2. С – Ш дыбыстарын анық айту, салыстыру.
3. Буын қатарларын қайталау.

Са – са – ша
Ша – са – ша
Са – ша – са
4. С – Ш дыбысын айтуда және естуде ажырату:
 - а) буында: ас – өс – аш – ша – шта – сту;
 - б) сөзде: сағат, қашық, қасық, қарындаш, қарлығаш;
 - с) суреттерді атау: қасқыр, сыпырғыш, тышқан, кесе.
5. “Керісінше” ойыны. Буындарды, сөздерді керісінше айт.

са – сө – су	ша – шө – шу
сә – сө – си	шә – шө – ши
сөл	шөл
сал	шал
сана	шана
қасық	қашық
6. Шана, сағат сөздерінің схемасын құру.
7. Сергіту жаттығуы.
8. Берілген сөздерді зат есімнің мамандықты білдіретін түрлеріне өзгерту.

ұшу – ұшқыш	оқу – оқушы
жазу – жазушы	тігу – тігінші
домбыра тартады – домбырашы	
ән айтады – әнші	
мал бағады – малшы	
қой бағады – қойшы	
сурет салады - суретші	
9. Күрделі сөйлем құрау дағдыларын дамыту “сөйлемді аяқта” ойыны.

Атам далаға қолшатыр алып шықты, үйткені ...
Сабакты жақсы оқу үшін, үйде көп ...
Шетелдік адамдармен сөйлесу үшін ...
Әріптерді білмесең онда ...
Жақсы футболша болу үшін ...
Мен бүгін мектепке бармадым, себебі ...
10. Түбірлес және мағынасы жақын сөздерді табу.

Оқу – оқушы, оқытушы, оқулық, оқырман;
Ұшу – ұшқыш, ұшқыр, ұшақ, тікұшақ;
Ойнау – ойыншық, ойынқұмар, ойын, ойын алаңы;
Таза – тазалау, тазалық;
Көру – көрермен, көрген, көрсеткіш, көрімдік.

11. Суреттерге қарап атауларының бірінші дыбыстарынан сөз құрау:
шар, алма, нан, асық (шана).
12. Осы сөзбен сөйлем құрау.
13. Сабақ қорытындысы. С – Ш дыбысы бар жаңылтпаш жаттау.